ЗАҢ газеті

zangazet@mail.ru

№43 (3471) 31 мамыр 2022

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

БАҚЫТТЫ БОЛАШАҚТЫҢ КІЛТІ – БАЛАДА

1 маусым – балаларды қорғау күні ретінде 1950 жылдан бері халықаралық дәрежеде аталып өтіледі. БҰҰ балалардың өмірін, құқығын, денсаулығын қорғауды әлем халықтарының басты бағыттарының бірі есебінде көрсетеді. Қазақстан да бұл игілікті бастамадан шет қалмай, болашақ ұрпақтың денсаулығын, өмірін, білім алуын, тәрбиесін алдыңғы орынға шығарған. Дәл осы күні әр баланың бақытты өмір сүруге қақысы бар екені, бейбіт аспан астында зорлық-зомбылықсыз күн кешуге құқылы екені күллі әлемде ересектердің аузымен сан мәрте айтылады. Алайда, барлық кезеңдерде заңмен кепілдендірілген қағидаттар сақтала ма?

(Соңы 3-бетте)

ЕЛДЕ ЭНЕРГИЯ ТАПШЫЛЫҒЫНАН ДАҒДАРЫС БОЛУЫ МҮМКІН БЕ?

3-бет

ҚАЗАҚТЫҢ МӘҢГІЛІК МҰҢЫ

4-бет

МӘРТЕБЕЛІ МАМАНДЫҚ БИІГІНДЕ

6-бет

МІНБЕР

СУДЬЯ – АДАЛДЫҚТЫҢ, ӘДІЛЕТТІЛІКТІҢ ҮЛГІСІ

Әділеттілік деген сөздің мағынасы өте терең және қасиетті. Себебі, бұл сөз ұғымы адамдар арасындағы қатынастар шын көңілмен адал болу керектігін көрсетеді. Егер қандайда болмасын дауларды шешкен кезде объективті және әділетті шешім қабылданса, онда сот органында, судьяларға халықтың шынайы және толық сенімі қалыптасатыны сөзсіз. Осындай әділетті шешім қабылданғанда, ұтылған жақ та сот актісінің заңды және дұрыс екендігін қабылдайды. Азаматтардың қоғамда өзін қалай ұстауы керектігін заңмен белгілейді. Сондықтан да жеке тұлғалар арасындағы қарым-қатынастар азаматтық заңдармен реттеледі.

Азаматтық істер бойынша сот төрелігі сот алдында теңдік негізінде жүзеге асырылады. Тараптардың ешқайсысына артықшылық жағдай жасалмайды. Алайда, олардың өз құқығын жүзеге асыруына жәрдемдеседі. Сот тараптарға бірдей және құрметпен қайрайды. Бұл жағдайлар азаматтық заңның негізгі принципінің бірі саналады. Олардың ішінде бірінші ретте тараптардың құқықтық теңдігі қарастырылған. Яғни, іске қатысушылардың ешқайсысы шыққан тегі, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына немесе өзге де мән-жайлар бойынша кемсітуге жол берілмейді. Сонымен қатар, азаматтық заңның негізгі принципі – біреудің меншігіне қолсұғушылыққа жол бермеу. Бұл принцип конституциялық нормамен бекітілген.

Азаматтар затты иемденуге, қолдануға, басқаға беруге (сатуға) құқылы, оларға осындай іс-әрекеттерді жасауға ешкім де тосқауыл бола алмайды. Келісімшартты, оның орындалу тәртібін, олар өздерінің қалауымен ғана шешеді. Яғни, азаматтық қатынастардың негізгі элементі – келісім еркіндігі. Ол дегеніміз: кім де болса өз еркімен, басқа біреудің итермелеуінсіз, қандайда болмасын келісімшартты жасақтауды өздері ғана шешеді, келісімшартты кіммен, қандай жақпен жасауды да өздері таңдайды, келісімнің шартын да өздері белгілейді. Сондықтан да азаматтық-құқықтық келісім ерікті болғанда ғана және екі жақ келісе отырып жасағанда ғана орынды деп танылады.

Аталған жағдайларға байланысты азаматтық-құқықтық іс-әрекеттерді қамтамасыз ету үшін және бұзылған құқықты орнына келтіру үшін олар сенімді түрде қорғалуға жатады. Азаматтық құқықтар сотпен, арбитражбен төмендегідей тәртіпте қорғалады: құқықты тану; бұзылған құқықты орнына келтіру; құқықты бұзатын немесе оның бұзылу қаупін тудыратын әрекеттерге тыйым салу, залалдардың орнын толтыру, төленетін айыпты өндіріп алу, мәмілені жарамсыз деп тану, моральдық, рухани зиянның өтемін төлету, құқық қатынастарын тоқтату немесе өзгерту, т.б. жағдайларды ескеріп, заңда көзделген әдістермен заңдылықты жүзеге асыру. Бұл азаматтық-процессуалдық заңмен реттеледі. Заңның міндеті – бұзылған немесе дауланатын құқықтарды, бостандықты және заңмен қорғалатын азаматтардың, мемлекеттің және қоғамның мүдделерін қорғап, заңдылықты және құқықтық тәртіпті нығайту.

(Соңы 2-бетте)

СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Еркін СТАМШАЛОВ, Алматы облыстық саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі комиссия жұмыс тобының жетекшісі:

«ОТАНДЫҚ АРХИВ ҚОРЛАРЫ ЖАУАП БЕРЕ АЛМАЙТЫН САУАЛ ЖЕТКІЛІКТІ»

Қоғамдық сананы отарсыздандыру (деколонизация) деген түсінік бар. Отарлық қамыттан шыққан елдердің басынан өткеруге міндетті бір үдеріс саналады. Отарсыздану барысында бодандық кезеңде белең алған идеологиялық насихат қалыптары, тарихи процестер мемлекеттің тәуелсіздігі тұрғысынан қайта қаралып, сараланбақ. 2020 жылы 24 қарашада ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың жарлығымен саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау ісі арнайы құрылған мемлекеттік комиссия мен оның жұмыс топтарының күшімен жанданды. Қоғамдық ғылымдар өкілдері, тарихшылар зерттеуге ұйысқан бұл жұмыстар республикалық, өңірлік деңгейде тұрақты негізде жүзеге асырыла бастады.

(Соңы 5-бетте)

МІНБЕР

СУДЬЯ – АДАЛДЫҚТЫҢ, ӘДІЛЕТТІЛІКТІҢ ҮЛГІСІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Сот істі негізінен шешу кезінде Конституциялық, Азаматтық іс жүргізу кодексінің және басқа да құқықтық актілердің талабын қатаң сақтауға міндетті. Әрине, ол заңдарды дұрыс қолданбаған болса, онда сот шешімі заңсыз деп танылады. Егер даулы қатынастарды реттейтін құқықтық нормалар болмаса, онда соған ұқсас қатынастарды реттейтін, ал егер ондай дауды реттейтін заң нормасы болмаса, онда жалпы заң түсінігінің бастама талабына сәйкес дау шешілуге жатады.

Егер заң актілерімен немесе тараптардың келісімімен даулы жағдай сотпен шешілуге жатса, онда сот ол дауды әділеттілікпен және ақылға қонымды тұрғыда шешуі керек. Азаматтар және заңды тұлғалар оларға тиесілі азаматтық құқықтарын өздерінің қалауы бойынша реттейді. Сонымен бірге, азаматтық құқығын қолданған адам, ол басқаның құқығымен заңмен қорғалатын мүддесін бұзбауға тиіс және қоршаған ортаға зиян келтірмеуге міндетті. Сондай-ақ, азаматтар қоғамның адамгершілік қағидаларын (принциптерін), ал кәсіпкерлер іскерлік әдептілік ережелерін сақтауы керек. Бұл міндеттерді келісімшартпен шектеуге немесе алып тастауға болмайды.

Азаматтар мен заңды тұлғалар басқа тарапқа зиян келтірілетін іс-әрекеттерді жасамауы тиіс, басқаның құқығын орынсыз пайдалану үшін құқықтың заңды түрде орындалуына қайшылық келтірмеуге міндетті. Заң талаптары орындалмаған болса немесе әділетсіздік, ақылға сыйымсыз, арсыздық, қиянат жасалса, сот ондай жақтың құқығын қорғаудан бас тартады. Аталған сөз мағыналары төмендегі түсінікті көрсетеді. Адал ниеттілік

Бағдат АХМЕТОВ,
ҚР Жоғарғы Сотының отставкадағы судьясы

– өзінің міндеттерін адал орындаушылар және олардың адамгершілік іс-әрекеттері орынды деп танылғаны. Ақылдылық, парасаттылық – адамның логикалық және шығармашылық ойлау қасиеттілігі, олардың нәтижесіне талдау жасайтындығы. Әділеттілік – іс-әрекеттерді заңдылық пен адалдық негізінде жүргізу, лауазымды тұлғаның істі қарағанда бейтарап болуы, тек қана даудың шындық жағын ғана ескеруі, орынсыз істермен және әділетсіздіктен зардап шегу шектерін айқындау.

Академик С.Зиманов «судьяның қызметі сондай, ол өзінің іс-әрекетімен немесе өзінің қабылдаған шешімімен адамның адал ниеттілік қасиетін жоғары көтереді немесе оны төмен түсіріп, тұңғиыққа итеріп, өлімге жеткізуі мүмкін» деп атап көрсеткен болатан. Сондықтан да болар «судья – әрқашан да адалдықтың және әділеттіліктің үлгісі болуға тиіс» деген. Олай болса, судьяларға жағдай жасап, тәрбиелеп және заңдылықты, әділеттілікті талап ету – мемлекетіміздің міндеті. Қоғамымыздың рухани деңгейі құқық нормаларының дәлелдеу негіздерінен көрінеді. Ол құқықтық – этикалық дамудың жемісі және қоғамдық қатынастың үлгісі.

Шынайы жағдайларды анықтау, ол сот тексеруі мен саралауының нәтижесінде айқындалады. Сот тануы – ол адамды біліп-тану қызметінің бір бөлігі және оның анығына жету шынайы өмірдің заңдылығы болып саналады. Ал сот дәлелдемесінің негізгі мақсаты – даулы іс бойынша шынайы жағдайды анықтау немесе дәлелдердің көмегімен заңдылық фактінің бар не жоғын айқындау, соған байланысты заң бойынша олардың тараптар үшін құқықтық салдарын белгілеу, іске қажетті тағы да басқа жағдайларды анықтау. Іс бойынша дәлелдерді жинау, сотқа тапсыру және оларды талдап тексеру осы іске қатысушылармен орындалады. Дәлелдемелерді келтіру тараптарға және үшінші жақтарға міндеттеледі. Соттың қарауына тараптармен және басқалармен тапсырылған дәлелдемелер мен қызығушы жақтың қалау-тілегіне байланысты сұратылған дәлелдемелерді сот зерттеп, оған заң тұрғысынан баға береді.

Елімізде мемлекеттік және жеке меншік бірдей дәрежеде танылады және қорғалады, адамдардың құқықтары және олардың бостандықтары Конституция талаптарына сәйкес кепілденген. Адамдардың және азаматтардың құқығы мен бостандығы, басқалардың бостандығын және құқығын бұзбауы тиіс, конституциялық құрылымға және қоғамдық құндылыққа қарсылық келтірілмеуі керек.

Азаматтық қатынаста заң талабы бойынша бірде-бір адамның басқа біреуге өзінің ойын, іс-әрекетін мәжбүрлеп орындатуына жол берілмейді. Сондықтан арадағы жалпы жағдайлардың дұрыс орындалуына екі жақ та мүдделі, ол мәселе екі жақтың келісімімен ғана шешілуге жатады. Айта кету керек, келісімшарт оған қатысушылардың еркіндігіне байланысты болғанымен, ол келісімшартты әркімнің өз еркімен орындаудан бас тартуына болмайды. Азаматтық заңмен рәсімделетін қатынастарға байланысты, азаматтар мен заңды тұлғалар қандайда болсын іс-әрекеттер жасауға құқылы, егер олар заңға қайшы келмейтін болса ғана.

Азаматтық заңнамада уақыт туралы түсініктеме бар, ол бойынша іс-әрекеттер жасауға немесе оларды тоқтатуға болатындығы қарастырылған. Атап айтқанда, заңда талап арыз беру уақыты бекітілген, осы уақыт мезгілінде талап арызды қарау мүмкіндігі қарастырылған. Алайда, бұл уақыт мерзімі бұзылған құқықты қорғамайды. Ескере кету керек, талап арыз беру мерзімін кейде жауапкер жақ өткізіп жіберуге әрекет жасайды. Ол үшін мысалы қарызын бүгін-ертең қайтарамын деп созбалаңға салады. Соның салдарынан талапкер арыз берудің уақытын өткізіп алады, ал жауапкер осы жағдайды пайдаланып, сотта істі тоқтатуды сұрайды. Бұл әрине, әділеттілікке жатпайтыны белгілі. Себебі, талапкердің бұзылған құқығы қорғаусыз қалады. Бұл жағдайда жауапкер қарызды қайтармай, оны заңсыз пайдаланып кетеді. Қазіргі күнде келісімшарттағы міндеттемелер толық орындалғанша тоқтатылмайды деп көрсетілуде. Бұған қарамастан кейбір судьялар «талап арыз беру уақыты өтіп кетті» деген негізбен істерді қысқартуда. Ал мұндай жағдайда бұзылған құқықты орнына келтіру туралы заңда көзделген принцип сақталмайды.

Ақша да мүліктің бір түрі болып саналады. Себебі, ол азаматтық құқықтық қатынаста бола алады. Осы себепті ақша өзінің табиғатына баланысты екі түрге бөлінеді – нақты ақша – мүлік ретінде саналса, ал ақша нақты түрде болмай, оның құны банктік құжатта міндеттеме түрінде көрсетілуі де мүмкін. Осы айтылғандардың барлығы да толықтай қолданыстағы заңдарда қарастырылған. Солардың барлығын осы мақалаға жинап, жас судьялардың көңілін соған аудару мақсатында көрсетіліп отыр. Аға буын атынан сот алаңында әділетті шешімдер көбірек қабалданса деген тілегіміз бар. Осы заң талаптары қатаң сақталса, коррупцияны азайтуға әсерін тигізуге тиіс деп санаймын. Ендеше, әріптестер, іске сәт!

БІЛГЕН ЖӨН

ӘКІМШІЛІК РӘСІМ ҚАЛАЙ ТОҚТАТЫЛАДЫ?

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің қолданысқа енгізілуі – тәуелсіз Қазақстан тарихындағы елеулі бетбұрыс. Жаңа құжаттың қолданысқа енгізілгеніне де жылға жуықтады. 2021 жылдың 1 шілдесінен бері ел өміріне етене енген бұл кодекстің құқықтық алаңдағы алғашқы нәтижелерінің өзі көпшілік көңілінен шығып отыр.

Бұлай болатын жөні де бар. Мәселен, әкімшілік әділет институты енгізілгенге дейін мемлекеттік органдармен дауласқан жеке және заңды тұлғалардың 85 пайызға жуығы сотта жеңіліс табатын. Бұл жағдай азаматтардың өз құқығын қорғауға деген ынтасын азайтып, шарасыздық ахуалында қалдырғаны рас. Жоғарғы Соттың төрағасы Жақып Асанов көрсеткендей Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс тәжірибеге енгізілген алғашқы 5 айда орталық мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдардың 49 пайызы сотта ұтылған. Басқаша айтсақ, сотқа жүгінген барлық адамдар мен кәсіпкерлердің жартысынан астамы өз талаптарының дұрыстығын дәлелдеп, мемлекеттік органдар актілерінің заңсыз шығарылғанына соттың көзін жеткізе білген.

Кодекс азаматтар құқығын қорғауда әлі де нәтижелі, барынша пайдалы болу үшін құжаттың артықшылықтарын таныстыру, түсіндіру керек. Себебі, азаматтардың барлығы бірдей құқықтық тұрғыдан сауатты емес. Осы мақсатта судьялар қауымы кодекстің негізгі басымдықтарын үнемі насихаттап келеді. Бұл халықтың бұрыннан қалыптасқан жағымсыз пікірлерден арылып, құқықтық қоғамға, сот төрелігіне деген сенімін арттырады.

Әкімшілік сот ісін жүргізудің міндеті – жария құқықтық қатынастарда жеке тұлғалардың бұзылған немесе дау айтылған құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін тиімді түрде қорғау және қалпына келтіру мақсатында әкімшілік істерді әділ, бейтарап және уақытылы шешуге негізделген. Ал енді әкімшілік рәсім қалай тоқтатылады? Бұл мәселе кодекстің 70-бабында егжей-егжейлі дәйектелген. Яғни, егер әкімшілік органның, лауазымды адамның жолданымда көрсетілген сол нысана туралы және сол негіздер бойынша әкімшілік рәсімге қатысушыға қатысты шешімі бар болса әкімшілік рәсім тоқтатылады. Сондай-ақ, осы адамға қатысты сол нысана туралы шығарылған заңды күшіне енген сот актісі болуы да рәсімді тоқтатуға негіз. Әкімшілік орган, лауазымды адам жолданымды қайтарса; не олар арыз иесінен жолданымды кері қайтарып алуды қабылдаса әкімшілік рәсім тоқтатылуға жатады. Әкімшілік рәсім әкімшілік органның, лауазымды адамның шешімімен тоқтатылады. Ең бастысы бұл туралы шешім қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде әкімшілік рәсімге қатысушыға хабарлануы тиіс. Ал онымен келіспеген жағдайда әкімшілік рәсімді тоқтату туралы шешімге шағым берілуі мүмкін.

Әкімшілік істі қараудың да өзіндік ерекшелігі бар. Бұл кодекстің 71-бабында көрсетілген. Соған сай әкімшілік істі лауазымды адам жеке-дара, ал Қазақстан заңнамасында көзделген жағдайларда не әкімшілік органның шешімі бойынша алқалы құрам қарайды. Әсіресе, әкімшілік істің нақты мән-жайларын зерттеуге ерекше ден қойылған. Оның тәртібі Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің 72-бабында санамалап көрсетілген. Соған орай әкімшілік орган, лауазымды адам әкімшілік істі дұрыс қарау үшін маңызы бар мән-жайларды жан-жақты, толық және объективті зерттеу үшін шаралар қабылдауға міндетті. Сот төрелігінің тазалығына деген сенім нығая түсуі үшін әкімшілік істің нақты мән-жайларын зерттеу тәртібі мен шектерін әкімшілік орган, лауазымды адам әкімшілік рәсімге қатысушылардың пікірлерін ескере отырып айқындайды. Кодекстің 72-бабының 5 бөлімін негіз ете отырып әкімшілік орган, лауазымды адам әкімшілік істің нақты мән-жайларын белгілеу мақсатында өз бастамасы бойынша дәлелдемелерді жинауға құқылы. Кодекстегі негізгі жаңалықтың бірі де осы. Бұл судьяларды жиналған дерек-дәйектер ретімен шектелмей, ақ пен қараны анықтау үшін өз бетінде ізденіп, сараптама жүргізуге итермелейді.

Әкімшілік әділет қарапайым халықты тыңдауға, мүддесін қорғауға бағытталған. Оны осы құжаттың 73-бабынан да аңғаруға болады. 73-баптың 1-бөлігінде көрсетілгендей, әкімшілік орган, лауазымды адам әкімшілік рәсімге қатысушының әкімшілік іс бойынша алдын ала шешімге өз ұстанымын білдіруіне мүмкіндік береді. Сонымен бірге, бұл бап тараптардың теңқұқылығын қалыптастырып, мемлекеттік мекемелердің әрекеті мен әрекетсіздігіне қатысты уәждерін, наразылықтарын ашық көрсетуіне, оны сот алаңында тиімді шешуге көмектеседі.

Гүлім МҰҚАНОВА,
Алматы қаласы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы

ТӘЛІМ

Заң үстемдігі орныққан елде азаматтардың құқығы мен бостандығын бұзуға жол берілмейді. Бірақ, қоғам болған соң дау да, қылмыс та орын алмай тұрмайды. Азаматтардың барлығының заң алдында тең екені Конституцияда айшықтап жазылған. Алайда азаматтардың кейде заңнан аттап, кейде құқықбұзушылықты іркілмей жасайтынын көзіміз көріп жүр. Мемлекет бейбітшілік пен тыныштықтың бесігіне айналуы үшін елдегі ортақ талаптар қатаң сақталуы тиіс. Өйткені, бір қате қадам ұйыған елдің арасына іріткі салады, ойын бұзады, көңілін алаңдатады. Сондықтан қиыс кеткендерге қашан да жаза қатаң.

ЖАЗА – ТӘРБИЕЛЕУ КӨЗІ

Қолданыстағы жазаның ең қатаң түрі – қылмыстық жауапкершілік. Жаза қолдану арқылы құқықбұзушылық жасап, кінәлі деп танылғандардың іс-әрекетіне баға беріледі. Әр адамның қылмыстық әрекетіне сот алаңында әділ баға беріледі. Сот – айыпты орындығында отырған адамның қылмысының деңгейін, әрекетінің ауырлығын безбендейтін орын. Судья жаза тағайындағанда айыптының өз қатесін түсініп, әрекетінің дұрыс еместігін мойындауына, соған орай өзін-өзі тәрбиелеп, қоғамға азат ойлы адам болып оралуына қажетті қадамдар жасайды. Біздің заңдарымыздың өзі ізгілікке құрылған. Мемлекет бір жағынан қоғам үшін онша қауіпті емес құқықбұзушылық жасағандарға кешіріммен қарауды мақсат тұтса, екінші жағынан ауыр қылмыстық құқықбұзушылық жасаған адамға қатаң жаза қолдану саясатын жүргізіп келеді.

Қалай айтсақ та, адамның санасы өзгермесе, қоғамнан өз орнын табуға ұмтылмаса, оны ешқандай қатал жаза өзгерте алмайды. Жазаны белгілеуге судьялар үшкен ыждағаттылықпен қарайды. Адам тағдыры таразы басына салынатын тұста судьялар сот отырысына жан-жақты дайындалып, жазаның ең алдымен әділ шығарылуына, сондай-ақ, сот шешімінің мінсіз, таза болуына ден қояды. Яғни, жаза әділ, негізді де заңды болуы тиіс.

Ерұлан БИМЕНДЕ,
Алматы қаласы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

БАҚЫТТЫ БОЛАШАҚТЫҢ КІЛТІ – БАЛАДА

(Соңы. Басы 1-бетте)

БҰҰ-ның сауалнамасы бойынша бүгінгі таңда әлемнің әрбір оныншы баласы үлкендер тарапынан қысым көріп, зорлық-зомбылыққа ұшырайды екен. Соңғы деректер әлем бойынша өмірі қатерге толы балалар санының да артқанын көрсеткен. Аштық, соғыс қатері мен қасіреті, мектептердегі қысым, терактілік шабуылдар – бұл балалардың күнделікті өмірде, бейбіт заманда, дамыған қоғамда көріп отырған қысастығының бір парасы ғана. Жасөспірімдер арасындағы нашақорлық, есірткіге, ішімдікке, ойынға тәуелділік, балалар арасындағы кезбелік, қайыр сұрау – бүгінгі заман қасіреттерінің қатарын көбейтті. 1 маусым – балаларды қорғау күні ғана емес, олардың бақытты ғұмырын қалыптастыруға арналған кешенді жұмыстардың қабылдануы тиіс күн. Бүгінге дейін қордаланған көп мәселенің жүзеге асатын да күні. Дәл осы күні ересектер өз мойнына артылған жүктің қаншалықты ауыр екендігін сезінетін күн.

Әр мемлекет бәсекеге қабілетті елге айналғысы келеді. Алайда, ондай құндылық жастарының жасампаздығы мен жаңашыл идеясы, салауатты да әділет сүйгіш сауатты тұлғасы арқылы сараланатыны көп ретте естен шығады. Қазақстанда кешеуілдеген өзге салалар секілді балаларға қатысты көп мәселенің де кежегесі әлі кері тартып тұр. Тәуелсіздіктің отыз жылында болашақ ұрпақтың бақытты өмірін қалыптастыру жолында қандай елеулі істер жасалды? Айтып ауыз толтырарлық шаруалар атқарылды ма? Әлеуметтік желі мен интернет арқылы балаларға жасалатын қиянаттың неше түріне күн сайын куә болып жүрміз. Балабақшадан басталатын қысым мектептегі мұғалім мен оқушының төбелесімен жалғасуда. Соңғы жылдардағы онлайндық формат, пандемия кезеңінде оқушыға берілетін міндетті академиялық білімді ғана құлдыратқан жоқ, ол сонымен қоса рухани саланы, ұлттық тәрбиені де тоқыратты. Білім берудің қасаң тартқан кеңестік тәсілінен ажырай алмай отырған салаға жаңа реформалар қажеттігін уақыт көрсетті.

Балалардың атаулы мерекесі тұсында айтылуы тиіс тағы бір мәселе – мектеп бітіруші түлектерді шығарып салу кештеріне қатысты. Соңғы бір аптаның өзінде мектеп бітіруші түлектердің жол көлік апаттарына ұшырап жатқан бірнеше видео, ақпараттары жария болды. Бір ғана Маңғыстау облысы бойынша көрсетілген статистикаға

жүгінсек, 119 хаттама толтырылып, 89 тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылыпты, 35 автокөлік айып тұрағына қойылған. Көлік басқару құқығы жоқ 16 азамат әкімшілік жауапкершілікке тартылған. Жеті мектеп бітіруші отырған жеңіл автокөлік аударылып, екі бала оқиға орнында көз жұмса, екі бала ауыр дене жарақаттарымен ауруханаға жеткізілген. Жамбыл облысы мен Алматы облыстарында да мектеп бітіруші түлектердің көлік шеруін жасап, заңсыз көлік жүргізгені анықталған. Балаларды осындай қауіптен алдын ала сақтандыру – мектеп құзырында.Тікелей міндеті болмаса да арнайы бұйрық пен қатаң тыйым, алдын ала ескертулер арқылы мектеп басшылығы мұндай келеңсіздіктерді тоқтата алар еді. Өкінішке қарай, салиқалы сөзге дес бермей, алаөкпе боп ақша жинайтын ата-аналар, оларға су бүркіп, тасадан сығалайтын сынып жетекшілері мен мектеп басшылары, көрмей-білмей қалатын департамент, министрлік өкілдері осындай бақытсыздықтардан сабақ алса дейсіз?! Бұған заңдық тыйым болмаса, алдағы уақытта балалардың қандай келеңсіздіктерге ұшырайтыны тағы белгісіз. Балаларды қорғау күні бір сәттік шара ғана емес, ауқымды, кешенді бағдарламаларға айналуы тиіс. Және ол бағдарламалар санға емес, сапаға құралғанда ғана нәтиже болады.

БАЛАНЫҢ БАСЫНА ТӨНГЕН БАҚЫТСЫЗДЫҚ БӘРІМІЗГЕ ОРТАҚ. СОЛ СЕБЕПТІ ДЕ «БАЛАЛАРДЫҢ ӨМІРІНДЕГІ АЛҒАШҚЫ ҚУАНЫШ, ОНЫ ШЕРУЛЕТІП РЕСТОРАНДАРДА ТОЙЛАМАСАҚ БОЛМАЙДЫ» – ДЕГЕН ТОҒЫШАРЛЫҚ КӨҢІЛДЕН АРЫЛУ ҚАЖЕТ. ӘЛЕМ ӨЗГЕРІП, ҒАРЫШТЫҚ ЖЫЛДАМДЫҚПЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚҚА БЕТ АЛЫП БАРА ЖАТҚАНДА, ҚАЗІРГІ ЖАСТАР БІЛІМГЕ, ӨНЕРГЕ, ЖАҚСЫЛЫҚҚА, ИГІЛІККЕ ҰМТЫЛСА ДЕЙМІЗ.

Ж.ҚҰДАЙБЕРГЕН

ТҮЙТКІЛ

ЕЛДЕ ЭНЕРГИЯ ТАПШЫЛЫҒЫНАН ДАҒДАРЫС БОЛУЫ МҮМКІН БЕ?

Қолданыстағы қуат көздерінің әлеуеті сарқыла бастады. Жаңа өндіріс орны ашылмаса, енді 10 жылдан кейін елде энергия тапшылығының дағдарысы басталады. Бұл Алматыда өткен «Қазақстандағы АЭС құрылысының экономикалық аспектілері. Энергия қауіпсіздігі мәселелері» атты дөңгелек үстелде айтылды.

Сарапшылар елдегі электр қуатының базалық көзі АЭС болу керектігін мойындай отырып, мұндағы түйткілдің бәрі оның экономикалық жағынан тиімділігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге келіп тірелетінін жеткізді. 20 жылдан астам уақыттан бері талқыланып жүргенімен, әлеуметтік зерттеулерде АЭС салуды халықтың 40 пайызы қолдап, 60 пайызының қарсылық танытуы қоғамдағы ақпараттық-түсіндіру жұмысының әлсіздігі мен халықтың билікке деген сенімінің төмендігінен туындап отыр. Өйткені, олар АЭС-ке қарсы емес, биліктің оның қауіпсіздігі мен тиімділігін толық қамтамасыз етуіне ғана сенімсіздік білдіріп, өз күмәндарын сейілте алатындай негіздеме ұсынуын талап етуде. Егер бұл жобаға қатысты нақты шешім қабылданбайтын болса, елдегі энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету енді мүлде қиындайды.

Бұл шараны ұйымдастырған «Қазақстандық атом электрстанциялары» ЖШС-нің бас директоры Тимур Жантикиннің айтуынша, АЭС салудағы басымдықтар: жыл сайын АЭС-тің 1000 МВт жұмысы парниктік газ шығарындыларын 4 млн тоннаға дейін азайтуы; АЭС-тегі 1 жұмыс орны іргелес салаларда 10 жаңа жұмыс орнын құруы; Электргенерацияның тұрақты төмен өзіндік құны; 60 жылдан астам уақыт бойы тұтынушыларды сенімді, тұрақты энергиямен қамтамасыз ету; экономиканың жоғары технологиялық секторларын, кадрлық әлеуетті дамытуды ынталандыру, техникалық мәдениеттің жалпы деңгейін көтеру; Отандық атом өнеркәсібі өнімдерін қолдану болып отыр. Проблемалар: дәстүрлі станциялармен салыстырғанда АЭС салудың жоғары капиталдық шығындары және ұзақ мерзімдері; Жоғары қуатты АЭС-ті резервтеу үшін қосымша электр желілік құрылыс қажеттігі; Радиоактивті қалдықтарды қайта өңдеуге және пайдаланылған ядролық отынды кәдеге жарату шығындары. Ал ондағы басты сын-қатерлер: атом энергетикасын дамытуды қоғамның қабылдауының қажетті деңгейіне жете алмау; Жобаны сенімді қаржыландыру мен оны іске асырудың кепілдендірілген мерзімдерін қамтамасыз етудің қиындығында.

«2022–2035 жылдары қолданыстағы генерацияны дамыту мен жаңа енгізулерді қоса алғанда, жалпы енгізілімдер төмендегі сценариймен өрбиді: 1) «АЭС-сіз жасыл енгізулер» 18,9 ГВт. 2) «Оңтүстіктегі АЭС және жасыл енгізулер» 17,7 ГВт. 3) «Солтүстіктегі АЭС және жасыл енгізулер» 17,7 ГВт. Көрсетілген баланстарды ескере отырып, солтүстік-оңтүстік бірлестігі бойынша базалық қуат тапшылығы төмендегідей болады: 2030 жылға қарай 1,8 ГВт; 2035 жылға қарай 3,2 ГВт; 2040 жылға қарай 4,1 ГВт; 2050 жылға қарай 5,0 ГВт. Сондықтан базалық қуат тапшылығын өтеу үшін кемінде қуаттылығы 1000-нан 1400 МВт-қа жететін екі блогы бар АЭС салу қажет. Бұл үшін арнайы параметрлері бойынша таңдап алынған Абай облысындағы Курчатов қаласы мен Алматы облысындағы Үлкен кентінің табиғи-экономикалық факторлары жан-жақты қарастырылып, инфрақұрлымдық басымдықтары бойынша екіншісі таңдап алынды», – деген Тимур Мифтахұлының сөзіне қарағанда, АЭС салу үшін 10-11 жыл керек. Атап айтқанда оның құрылысы жобасын іске асырудың бастапқы мерзімдері былай болады. 2023 жылы технологияларды жеткізушісі таңдалады. 2025–2028 жылдары техникалық экономикалық негіздеме мен жобалық сметалық құжаттама әзірленіп, оларға сараптама жасалып АЭС салу туралы Үкімет қаулысы қабылданады. 2029 жылы құрылыс-монтаждау жұмыстарын бастау және жабдықтарды жеткізу жүргізіледі. Құрылыс-монтаждау жұмыстары 2034 жылы аяқталып, 2035 жылы ғана пайдалануға беріледі. АЭС құрылысын қаржыландыру 80% – 20% қатынасында қарыз қаражатын тарту мен жеке қаражатты пайдалану арқылы жобаланып отыр. Қаржыландыру құрылымы АЭС технологиясын жеткізушілерді таңдау кезеңінде жеткізушімен ынтымақтасатын қаржы институттарының/ұйымдарының ұсыныстарын ескере отырып, толығырақ талқыланады.

ЖАҢҒЫРМАЛЫ ЭНЕРГИЯ КӨЗДЕРІ СЕНІМСІЗ, ТҰРАҚСЫЗ ЖӘНЕ БОЛЖАНБАЙТЫН ГЕНЕРАЦИЯ. ҰЛАНҒАЙЫР ТЕРРИТОРИЯСЫ БАР ЕЛДЕ ЭЛЕКТР ҚУАТЫН БІР ӨҢІРДЕН ЕКІНШІ ӨҢІРГЕ ТАСЫМАЛДАУДЫҢ ШЫҒЫНЫ МОЛ. МЕНІҢ ОЙЫМША КЕЛЕШЕКТЕ БІЗГЕ БӘРІБІР БІР ЕМЕС, БІРНЕШЕ АЭС САЛУ ҚАЖЕТ БОЛАДЫ.

ҚР Инженер-энергетиктер одағының директоры, Қазақстан мен ТМД-ның еңбек сіңірген энергетигі Марат Дұлқайыровтың пайымдауынша, кеңестік дәуірден қалған электр энергиясын өндіруші көздердің әлеуеті шектеулі. Оларды қанша жамап-жасқағанымен тапшылықтың орнын толтыра алмаймыз. Ондағы металдың тозуын тоқтату мүмкін емес, тек ауыстырудан басқа жол қалған жоқ. Егер АЭС салуға қазір кіріспейтін болсақ енді он жылдан кейін елде энергияға тапшылық дағдарысы басталады. Өйткені, электрэнергетикалық жабдықтың тозу дәрежесінің өте жоғарылығынан бізде авария көп болып жатыр.

– Келіссөзді қанша уақыт жүргізу керек? Мен Энергетика министрлігі мен Үкіметтен енді сөзді тоқтатып, іске көшуді сұраймын. Өндірісті ұлғайту үшін қуат көзінің қай түрі болса да бізге жаңа нысандар ауадай қажет. Бізді электр энергиясының 70 пайызы көмірден өндіріледі. 2 жылдан кейін Париж келісімі өз күшіне енген кезде шикізатқа негізделген біздің экономика бәсекеге қабілетті болмайды сыртқа шығатын тауарларға көміртегі салығы енгізілген кезде. Біз 30 жылда газ кен орнын тапқан жоқпыз Жүргізіліп жатқан газ құбырларының бәрінде ілеспе газға ғана үміт артып отырмыз. Бізде жаңғырмалы энергия көздеріне көп сілтеме жасалады. Қазақстан алғашқылардың бірі болып оны қолдады, заңнама да жасалды. Алайда жаңғырмалы энергия көздері сенімсіз, тұрақсыз және болжанбайтын генерация. Ұланғайыр территориясы бар елде электр қуатын бір өңірден екінші өңірге тасымалдаудың шығыны мол. Менің ойымша келешекте бізге бәрібір бір емес, бірнеше АЭС салу қажет болады. Сондықтан Курчатовта да, Балқашта да АЭС құрылысын қатар бастасақ одан ұтпасақ, ұтылмаймыз. Сол сияқты көмірмен жұмыс жасайтын Екібастұз–2 ГРЭС-індегі жоспарланған 8 блоктың қазір екеуі ғана бар. Уақыт өткізбей оның да үшіншісінің құрылысын бастаған жөн. Қолдағы табиғи ресурстарды тиімді пайдалану үшін», – деген М.Дұлқайыровтың сөзін Қазақстаның энергетикалық аспектілерін зерттеу орталығының директоры Алмаз Әбілдаев да қолдайды.

АЭС қазіргі технологиялармен 80 жыл қызмет етеді. Ол 20-25 жылда өз шығынын ақтайды. Бізге жоғары тұтыну бар жерлердің бәріне АЭС салу қажет. Ондағы ашылған әрбір жұмыс орны түрлі салада қосымша 10 жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді. Жалпы, АЭС кешенді түрде қаралу керек. Тіпті, «Электр энергиясы туралы» заңға да жаңа өзгерістер мен түзетулер енгізу қажет. Белорус пен Өзбекстан елдеріндегі АЭС құрылысы ең дұрыс жолмен салынуда. Оны мемлекет салу керек. Реакторды анықтауда экономика рөл атқарады. Мұндай технология ұсынған елдің 20-30 жылдық стратегиясын және 50 жылдан кейін одан бас тарту мүмкіндігін де ескеру керек. Қазір кейбіреулер біздің елімізде салынатын АЭС-те қойылатын реактор Ресейдікі емес, басқа елдікі болу керек деп жатыр. Егер бұл саладан хабары бар адам болса олар бұлай айтпас еді. Онда, бұдан былай шешім қабылдауда өзгенің емес, мамандардың пікіріне құлақ асу керек. Өз басым электр қуатын өндіруде тек бір көзге басымдық бермей, барлық түрін қатар дамытуды қолдаймын. Мәселен, ОАР мен Қытай көмірмен жұмыс істейтін ЖЭС-терін қайта жаңғыртуда. Біз де солай жасауымыз керек. Жақсы ЖЭС құрылысы 3-4 жылда салынады. Ал бізді жаңғырмалы қуат көздері құтқарады деу дұрыс емес. Өз басым АЭС салу үшін де референдум өткізу қажет дегенді қолдамаймын»,– дейді А.Әбілдаев.

Егер былтырғы жылдың қорытындысына көз жүгіртер болсақ елдегі электр энергетикасы саласындағы ең жоғары жүктеме – 15,8 ГВт, электр тұтыну – 113,9 ТВт сағат, өндіру – 114,4 ТВт сағат, белгіленген қуат – 24,0 ГВт, қолда бар қуат – 20,2 ГВт болғанын байқауға болады. 2035 жылға арналған болжам бойынша электр тұтыну – 153 млрд кВт сағат, ең жоғары электр жүктемесі – 23 ГВ-қа жетеді. Ал 2022–2035 жылдары электр энергетикалық жабдықтың тозу дәрежесі белгіленген қуат бойынша – 8,1 ГВт, қолда бар қуат бойынша – 7,8 ГВт болады. 2022–2028 жылдары дәстүрлі генерация жобаларының көлемі – 0,63 ГВт, ЖЭК жобаларының көлемі – 1,5 ГВт-ы құрайды. Яғни, болашаққа деген дайындықты бүгіннен бастап қарекет жасамасақ, ертеңгі күні жасаған тірлігіміз кеш болуы да мүмкін екенін қазіріг жағдай көрсетіп отыр. Ендігі қимыл сөзде емес, істе көрінуі керек.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

31 МАМЫР – САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ

Қазіргі бақытты, мұңсыз ұрпақтың отаршылдық дәуіріндегі қиындықтарды елестетуі қиын. Өйткені, одан бері де бірнеше ұрпақ алмасты. Халық трагедиясын уақыттың өзі емдеп жазатыны рас. Айтылар естеліктердің жыл өткен сайын сыз-салмағы да жеңілдей бермек.

ҚАЗАҚТЫҢ МӘҢГІЛІК МҰҢЫ

Дегенмен, біз тарихқа, ата-бабаларымыздың жүріп өткен жолына құрметпен қарайтын жұрттың өкіліміз. Еліміз болып, белгіленген осынау азалы күнде халықтың қайғы-мұңға толы, зұлмат кезеңдеріне, әке-шешелеріміздің басынан кешкен нәубетті дәуіріне құрметпен қарап, әруағына басымызды иіп, есімізге алуға, құран оқытып, дұға бағыштауға арымыздың алдында міндеттіміз. Ендігі ұрпақ олар кешкен нәубетті бастан кеше көрмесін деп тілейік.

Саясат қанша жауырды жаба тоқып, болған сұмдықтардан тезірек аттап өтіп, шындығын күресінге көміп тастағысы келсе де, уақыт сол заманнан неғұрлым ұзаған сайын, оның құпияларының ашылу мүмкіндігі молая түседі екен. Мемлекет қайраткері Д.А.Қонаев: «Шындық бәрібір ерте ме кеш пе ашылмай қалмайды, бүгін оны екі-ақ адам біліп отырса, көп ұзамай, бүкіл халық құлақтанатын болады, сондықтан, оны жасырып, жауып, бүркемелеймін деп абыройсыздыққа ұшыраудан жаман нәрсе жоқ» деген екен. Бұл терең мағыналы сөздің ақиқаттығын уақыттың өзі дәлелдеп бергеніне сіздер мен біздер куә болып отырмыз.

Жазушы һәм тарихшы М.Мағауинның дәлелдеуі бойынша, қазақ елі осы кеңестік жетпіс жылға жуық дәуірінде бұрын-соңды болмаған шығынға ұшыратқан нәубетті бастан кешіпті. Қазақ Ордасы құрылғалы қаншама ғасырға жалғасқан хандық дәуірлерде халқымыздың басына кеңестік кездегідей қара бұлт төнбеген.

Бір тарихшылар қазақтың жартысы қырылды дейді, тіпті, келесі біреулері бәрінен де асыра сілтеп, үштен екісі ашаршылыққа ұшырады деп жазады. Соған қарап қайсысына жіп тағарыңды білмейсің. Халықтың тағдыры осыншама ойыншық болғаны ма? Осы тарихи оқиғаларды айқындап, жеріне жеткізе халыққа танытып, нақты дерегін шығаратын уақыт жетті ғой.

Белгілі тарихшы Т.Омарбековтың ғылыми зерттеу дәйектемелерінде Қазақстанда қолдан жасалған кеңестік ашаршылық тұсында қазақ халқының үштен бірі қырылған деп көрсетілген. Міне, Сталиннің арнайы тапсырмасымен Қазақстанды басқаруға келіп, қазақтар жеккөрінішпен «кужак» деп атаған, қандықол жендет Голощекиннің зардабы қандай! Сол кездерде Б.Майлин сияқты бірен-саран жазушы ғана ел басына түскен сұмдық нәубетті шығармалары арқылы там-тұмдап болса да көрсете алған. Бірақ, бүкілхалықтық алапат аштық оқиғасы үшін, әрине, бұл өте аз еді. Яғни, тарихи қиянат, масқарашылдық қасақана ашылмай келген, шындық тұншықтырылып отырған. Ашаршылық тақырыбын батыл қозғаған Б.Майлиннің тағдыры белгілі, ол әуелгі арыстарымыздың қатарында «халық жауы» ретінде атылып кеткен болатын. Сол кездерде қуғыннан әупіріммен аман қалып, кейінгі қазақ әдебиетінің дамуына өлшеусіз үлес қосқан Ғ.Мүсіреповтің Б.Майлин «халық жауы» деп ұсталып, өлім жазасына іліккелі жатқанда, шыдай алмай жаны шырқырап: «Бейімбет жау болса, онда мен де жаумын!» дейтіні бар ғой. Бұл ашынып, күйінгеннен шыққан халықтың адал ұлының ызалы үні, шерлі көкірегін қысқан күйік-наласы болса керек.

Жалпы, қазақ халқының үлкен трагедиясы сонда, он тоғызыншы ғасырдың аяқ кезеңі мен жиырмасыншы ғасырдың басында өмірге келген жұртымыздың бағына жаратылған үлкен таланттарымыздың бұрын-соңды ел өмірінде болмаған нағыз саяси қатыгез кезеңге ұрынып, тарихи формацияның ұйытқып, жойқын толқынмен соққан дүлей сойқанына тайқы маңдай тағдыры дөп келді. Алаштың біртуар перзенті Әлихан, Ахмет, Міржақып, Мағжан, Жүсіпбек, Смағұл, Тұрар, Сәкен т.б. осылар тектес біртуар арыстарымыздың өкінішті, һәм қасіретті тағдыры мұңлы, салмағы ауыр ойларға жетелейді. Соншалық жарқын тұлғалардың ел тағдырына қабат араласуы қазақ халқы үшін қандай бақыт болса, өмірден бірге кетуі де елді өкіндірген ауыр трагедия еді! Олар, бейне бір, қазақ деген ұлы жұрттың шексіз дарындылығын, мүмкіндігінің биіктігін жалпақ жұртқа паш етіп, озық, іргелі жұрттар қатарына қосылуға лайық екенін дәлелдеу үшін ғана өмірге келген секілді. Ғажайыптығы сол, қысқа ғұмырларында сол арыстардың әрқайсысы ғасырға татырлық ұлы дүниелер жасап үлгеріпті. Сол үшін өмірден алар сыбағасы, көрер қызығының өлшемі тек ауыр азап, зорлық-зомбылық, қуғын-сүргін, ақыр аяғы жалған жаламен ажал құшу болыпты!

Бірақ, бір нәрсенің басы ашық, олардың өмірі – қасиет тұтуға болатын ардақты өмір, ғасырдан ғасырға жетер ұлағатты, тағылымды ғұмыр. Және олар өлімінің өзімен халыққа адалдығын, шынайы берілгенін дәлелдеп кетті. Осы айрықша қадір-қасиетімен олар тарихта «арыстар» деген атаумен айшықталып аталады. Халқының «арысы» атану – бірегей жоғары құрмет белгісі.

Осы орайда, кейбір мәселелерді қынжыла еске алуға тура келеді. Біріншіден, саяси қуғын-сүргін құрбандары дегеніміз нақты кімдер, солардың арасы айқындалған жоқ, бұл турасында ашылмаған көмескі, бұлыңғыр тарих сілемдері толып жатыр. Өйткені, кейде бұл тізімге 1937–1938 жылдарда репрессияға ұшырап, «халық жауы» деген жала жабылып, атылып кеткен арыстарымыз ғана енгізілетін сияқты. Яғни, тарихтағы нақты белгілі, танымал тұлғалар ғана аталады. Ал біздің пайымдауымызша, кеңестік геноцид кең ауқымда жүргізілді. Ол тек жоғарыда аталған репрессиямен ғана өлшенбейді. Қазақ тарихының ең қасіретті кезеңі – ашаршылық. Бұл – кеңестік геноцидтің ең алғашқысы болып айқындалуға тиіс. Осы ашаршылық тарихына әлі күнге дейін лайықты баға берілмей, зерттелмей келеді. Мәселен, тарихшы Т.Омарбековтің келтірген дерегінде бұл ашаршылықта қазақтың үштен бірі қырылды деп сеніммен айтылса, басқа тарихшылар дерегінен өзгеше цифрлар мен мәліметтерді оқып, тағы аңырып, қайсысына сенерімізді білмей, әрі-сәрі күй кешетініміз жоқ емес. Бір тарихшылар қазақтың жартысы қырылды дейді, тіпті, келесі біреулері бәрінен де асыра сілтеп, үштен екісі ашаршылыққа ұшырады деп жазады. Соған қарап қайсысына жіп тағарыңды білмейсің. Халықтың тағдыры осыншама ойыншық болғаны ма? Осы тарихи оқиғаларды айқындап, жеріне жеткізе халыққа танытып, нақты дерегін шығаратын уақыт жетті ғой. Сосын ашаршылық жылдары да әр деректе әртүрлі болып көрсетіліп келеді. Көп уақытқа дейін ашаршылық, алдын ала жоспарлы түрде тек 1932 жылы ғана болып өте шыққандай, жалғыз осы жыл ғана аталатын. Тіпті, логикалық қисынға келмейтін осы дерек ұзақ жылдар тарихымыздан орын алып келді. Сонда немене 1931 жылы елімізде азық-түлік қоры бітіп, немесе бітуге жақындағанда, келер 1932 жыл аштық жылы болып жарияланып, 1933 жылы түк болмағандай, халық әрі қарай бұрынғы бақуатты өміріне оралып жүре берген бе. Қандай бір қиял-ғажайыпқа толы ертегілеріміздің өзінде мұндай қисынсыз, кісі сенгісіз оқиғалар кездеспейді. Осыған сенген халық неткен аңғал? Бірақ, бұл жерде мәселе басқада секілді.

Ашығын айтқанда, кеңестік идеология шындықтың бұрмаланып, нақты деректің жарияланбауына жанын салып жұмыс істеген. Өзгеше ойлайтындардың тағдыры белгілі, итжекке айдалып, із-түзсіз жоғалып кеткен, қудалауға ұшыраған, түрмеге қамалған, ақыр аяғы атылған. Ал Қазақстандағы ашаршылық саясаты, кеңес үкіметі орнасымен көп ұзамай жоспарлы түрде іске асырыла бастағаны кейін ғана жария болды. Яғни, өткен ғасырдың 20-сыншы жылдарында белгі бере бастаған ашаршылық репрессия қырғынына ұласып, жалғаса берген. Және арыстарымыздың бірінен кейін бірінің жазаға ілігуінің де басты себебі ашаршылық оқиғасы болған. Өйткені, сұрапыл аштық оты бүкіл қазақ даласын шарпи бастағанда, Алаш қайраткерлерінің үнсіз қалуы мүмкін емес. Мұны сол кезде Сталиннің алдына С.Сейфуллин, Т.Рысқұловтар, Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатовтар, С.Сәдуақасовтар мәселе етіп қойған. Қайран арыстар бұл белсенділігі үшін басы кететінін біле тұра жанкешті әрекеттерге барған, ұлт амандығы үшін, ұлтын ашаршылық апатынан сақтап қалу үшін басын қатерге тіккен.

Жасыратыны жоқ, осы күнге дейін алаш арыстары тарихымыздан өзіне лайық бағасын алған жоқ. Не болмаса, олар өмір сүріп, қызмет еткен дәуірдің нақты ақиқаты сол қаны сорғалаған қалпында танылмай, ашылмай келеді. Ашаршылық, репрессия қырғыны тарихқа «Ұлы Отан соғысы» деген атпен енген әлемнің жартысынан астам елді қамтыған қаһарлы соғысқа ұласқаны белгілі. Бұл империялық соғыстың ақиқаты да әлі толық ашылған жоқ. Соғыстан кейінгі уақыттарда да қазақтың басына төнген қара бұлт сейілмегендігі белгілі. Қазақтың марғасқа ұлдарын ешқандай айыпсыз, тек ұлтына қызмет еткені үшін, тарихын қорғағаны үшін қиянатшыл үкімет жазаға іліктірумен, қудалаумен болды. Осылайша, мылтықсыз майданда Е.Бекмаханов, Е.Ысмайылов, Қ.Жұмалиев, Қ.Бекқожин, І.Есенберлин сияқты тарихшылар, ғалымдар, жазушылар жазаға ілікті. Көрнекті мемлекет қайраткерлері Ж.Тәшенов, І.Омаровтар қудаланды. Қазақстандағы тың игерудің де тізеге салумен, империялық үстемдікпен жүргізілгендігі белгілі. Осының бәріне қорытынды жасай келгенде, отаршылдық империялық саясат тұсындағы қуғын-сүргін оқиғаларын бірнеше салаға жіктеп, топтастырып, саяси қуғын-сүргін құрбандарының санын қазіргідей саусақпен санамалап атамай, мыңдап тізім құруға болар еді. Ал ашаршылық құрбандарының санын тізу, әрине, мүмкін болмайды, бұл тұтас халықтың репрессия тырнағына іліккен сұрапыл ашаршылықтың сабағы шындығымен әлі де айқындала түсуге тиіс. Халықтың осыншалық қасіретті оқиғалары із-түзсіз кетуінің өзі ел өміріндегі ақтаңдақ болып қалар. Онсыз да тарих белестерінде жоғалтқаны көп, тайқы маңдай жұртымыздың әділет пен адалдықты ту еткен жарқын, сәулелі ел болашағы үшін ендігі өмірі, келешек ұрпағының тағдыры алаңсыз болса екен!

Тарихтың ащы да болса өткен сабағын жаңғыртып, ұрпақ есіне салып отыру, сол қасіретті бастан кешкен ұрпақтың алдында тағзым ету – абзал борышымыз.

Досжан ӘМІР,
Ақмола облыстық сотының
төрағасы

ПӘРМЕН

АҚШАЛАЙ ӨНДІРІП АЛУ **ЖАУАПТЫЛЫҚТЫ** АРТТЫРАДЫ

Әрбір мемлекет өзінің даму жолында құқықтық жүйесі мен заң саласын ұдайы жетілдіріп отыратыны белгілі. Біздің дамыған мемлекетімізде де бұл тұрғыда әлемдік стандартқа сай реформалар үздіксіз жүзеге асырылуда. Атап айтсақ, әкімшілік әділетті нығайтуға барынша көңіл бөліп, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің қабылдануы, мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соттардың құрылуы тарихи оқиға десем артық айтқандық емес.

Сот тәжірибесі көрсеткендей, мемлекеттік органдар тарапынан соттың талабын, сұрау салуын орындамау және т.б. өзге де әрекеттердің орын алатыны байқалады. Бұл сотты, тараптарды сыйламау, ең бастысы – заңға атүсті қарау. Сондықтан, жаңа кодексте мемлекеттік органдардың жауапкершілігін арттыра түсетін ерекшеліктер көзделген.

ӘРПК талаптарына сай сот өз шешімдерінің орындалуын қатаң бақылауда ұстайды. Айталық, сот шешімін, соттың тараптардың татуласу, медиация немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу келісімін бекіту туралы ұйғарымын орындамағаны үшін сот жауапкерге ақшалай өндіріп алуды қолданады. Және оны осы сот актісінде ақшалай өндіріп алу бір айдан аспайтын мерзім ішінде орындалуға жататынын көрсете отырып ұсынады. Ақшалай өндіріп алу сот шешімі орындалғанға дейін бірнеше рет қолданылуы мүмкін.

Сотта белгіленген қағидаларды бұзатын және әкімшілік сот ісін жүргізуді жүзеге асыруға кедергі келтіретін тұлғаларға процестік мәжбүрлеу шаралары (ескерту, сот залынан шығарып жіберу, ақшалай өндіріп алу қолдану) қолданылады. Атап айтсақ, өңір бойынша процестік мәжбүрлеу шаралары ретінде ақшалай өндіріп алудың басым көпшілігі жеке сот орындаушылар, мемлекеттік органдардың басшылары мен әкімдерге талап қою бойынша сотқа жазбаша пікірлерін дәлелді себептерсіз мерзімінде ұсынбағаны үшін қолданылған.

ӘРПК-нің 127-бабына сәйкес, ақшалай өндіріп алу жеке тұлғаға, лауазымды адамға, заңды тұлғаға не оның өкіліне 10 АЕК-тен бастап 100 АЕК-ке дейінгі мөлшерде қолданылады. Ақшалай өндіріп алуды қолдануға жекеше шағым беруге қолданылған өндіріп алу орындалғаннан кейін жол беріледі. Сондай-ақ, сот процестік құқықтарды теріс пайдаланатын, процестік міндеттерді орындамайтын тұлғаға, оның ішінде сот белгілеген мерзімді дәлелсіз себептермен бұза отырып дәлелдер ұсынылған, тапсырмалар орындалған жағдайларда, егер бұл әкімшілік істі қараудың созылуына алып келсе, әрбір әрекет (әрекетсіздік) үшін 10 АЕК мөлшерінде ақшалай өндіріп алуды қолдануға құқылы. Соттың талабын, сұрау салуын орындамағаны, әкімшілік іске қатысушы адамның сотқа келмегені, сотқа уақытылы хабарламағаны, кері қайтарып алуды уақытылы бермегені, сот отырысында төрағалық етушінің өкімдеріне бағынбағаны, сотта белгіленген қағидаларды бұзғаны, сотты құрметтемегені туралы анық куәландыратын өзге де әрекеттер (әрекетсіздік) үшін сот 20 АЕК мөлшерінде ақшалай өндіріп алуды қолдануға құқылы.

Осы орайда, ақшалай өндіріп алуды төлеу ұйғарым табыс етілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жүзеге асырылып, ол республикалық бюджеттің кірісіне өндіріп алынады. Сот актісін немесе соттың талаптарын орындамаған кезде сот тұлғаға 10 АЕК-ке ұлғайтылған мөлшерде қайтадан ақшалай өндіріп алуды қолдануға құқылы.

Қорыта айтсақ, әкімшілік органға белгілі бір ауыртпалық түсіріп, қосымша міндеттер жүктеуді мақсат тұтпайтын ақшалай өндіріп алуды қолдану әкімшілік орган қызметінің тиімділігін арттырып, тәртіпке келтіруге, міндеттерді сапалы әрі белсенді орындауға жол ашары анық.

Жазира МУХАМЕТОВА,
Маңғыстау облысы
мамандандырылған
ауданаралық әкімшілік
сотының судьясы

№43 (3471)
31 мамыр 2022
zangazet@mail.ru
ЗАҢ газеті

(Соңы. Басы 1-бетте)

САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА ОСЫ БАҒЫТТА ІЗДЕНІП ЖҮРГЕН АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫН ТОЛЫҚ АҚТАУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯ ЖҰМЫС ТОБЫНЫҢ ЖЕТЕКШІСІ, Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫНЫҢ ДОКТОРАНТЫ ЕРКІН СТАМШАЛОВТЫ ӘҢГІМЕГЕ ТАРТҚАН ЕДІК.

Еркін СТАМШАЛОВ,
Алматы облыстық саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі комиссия жұмыс тобының жетекшісі:

«ОТАНДЫҚ АРХИВ ҚОРЛАРЫ ЖАУАП БЕРЕ АЛМАЙТЫН САУАЛ ЖЕТКІЛІКТІ»

– Еркін Имангазыұлы, сіз жұмыс тобына жетекшілік ететін комиссия саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жұмысы бойынша алғашқы мемлекеттік комиссия емес. Оның өзгелерден басты ерекшелігі қандай?

– Расында да Қазақстан тарихындағы саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі алғашқы комиссия қорытындысы 1992 жылдың 22 желтоқсанында жарияланды. Алғашқы мемлекеттік комиссия негізінен XX ғасырдың 30-жылдарындағы саяси репрессияларға саяси-құқықтық бағасын берді. Комиссия қорытындыларында 1926 жылғы РСФСР Қылмыстық кодексінің 58-бабының 12 тармағы бойынша жазаға тартылған құрбандар ақталып, жаппай жазалауға негіз болған кейбір кеңестік құқықтық актілерге баға берілді. Тарихи кезеңнің ерекшеліктеріне, қоғамдық сұранысқа сай жүргізілген бұл комиссия жұмысы тарихи сана жарасын сауықтыруда сеңнің бұзылуына әсер еткенін айту керек. Алайда, кеңестік кезең салқынымен астас жүргізілген ақтау жұмыстары толыққанды болмады. Кеңес қоғамында тоталитарлық зорлық-зомбылық көрген басқа әлеуметтік топтар мен жеке тұлғалардың қасіретіне назар аударылмады. Атап айтқанда, Қылмыстық кодекстің 59-бабы (бандитизм аталған халық көтерілістері), 61-бабы (қоғамдық міндеткерліктерді орындамау), 107-бабы (азықтүлік дайындау науқанында тапсырманы орындамау), 84-бабы (заңсыз шекара бұзу) сияқты және 70 жылдық кеңестік оспадарлықтың басқа да қырлары қаралмады.

2020 жылғы Президент Қ.Тоқаевтың жарлығымен қолға алынған мемлекеттік комиссия құзыретіне толық ақтау, яғни жазықсыз жапа шеккен, атылған, асылған, лагерлерге қамалған, жер аударылған, мүлкі тартып алынған, азаматтық құқығы шектелген азаматтар категорияларын жаппай ақтау міндеті кірді. Республикалық комиссия тарапынан құрылған 11 түрлі жұмыс тобы жазаланғандардың осынша категориясын ақтау үшін зерделеу, іздестіру жұмыстарын қамтыды.

– Топ жетекшісі ретінде комиссия жұмысы қалай жүріп жатқанын айтсаңыз.

– Алматы облыстық өңірлік комиссия жоғарыдағы тоталитаризм құрбандарының 11 категориясын 7 жұмыс тобы аясында қарастыруда. Алматы округі, кейіннен Алматы облысы шекара аудандарында орын алған аштық, күштеп ұжымдастыру, кулакқа жатқызу, дінге қарсы науқан, шектен тыс салық, азықтүлік тапсырмаларының ауыртпалығы, осыдан туған жаппай халық көтерілістері, босқындар тарихы жеке-жеке қарастырылуда.

Өзім жетекшілік ететін №5 жұмыс тобы халық көтерілістеріне қатысушылар, дінге қарсы науқан құрбандары, жеке тұлғалардың, мәдениет, қызмет бабы бойынша антикеңестік жеке қарсылықтарын (диссиденттер) қамтиды. Зерттеу жұмыстары нәтижесінде 1928–1934 жылдар аралығында Алматы облысы аумағында 20 ірі халықтық баскөтерулер анықталып, оған қатысқандардың сандық мәліметі жинақталды. 125 шаруа көтеріліске қатысқаны үшін сотталған, олардың ішінде ақталмаған 44 шаруа бар. ОГПУ-НКВД-КГБ тергеуі ақпары негізінде түрліше контрреволюциялық топ, ұйым, жеке қарсылық ұйымдастырды деген айыппен жауапкершілікке тартылған, сотталғаны беймәлім, ақталмаған 55 тұлғаның тізімі жинақталды. 1932 жылдың 7 тамызында Орталық Атқару комитеті мен КСРО Халық Комиссарлар Кеңесінің «Мемлекеттік кәсіпорындардың, колхоздардың және кооперациялардың мүлкін қорғау және қоғамдық (социалистік) меншікті қорғау туралы» қабылдаған қаулысына сай («Бес масақ» заңы) Алматы облысы бойынша сотталған 1634 шаруаның жеке ісі қаралды.

– Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтауға негіз болар дерек көздері қандай? Архив қорлары қаншалықты ашық?

– Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жұмыстары 90-жылдардағы алғашқы комиссия жұмысындағыдай негізінен архивтерде жүргізілуде. Алматы облысы бойынша іздестіру жұмыстары ҚР Орталық мемлекеттік архиві, Президент архиві, Алматы облыстық мемлекеттік архиві, Алматы облыстық ішкі істер департаментінің арнайы архиві, облыс прокуратурасының құқықтық статистика жөніндегі архиві аясында ұйымдастырылды. Алғашқы үш архив жалпы негіздегі азаматтық архив саналса, құқық қорғау органдарының архивтері зерттеушілерді тиісті рұқсатнамамен қабылдайтын арнайы мұрағаттар саналады. Өңірлік комиссия жұмысының мүшелері рұқсатнамамен қамтамасыз етілуге тиіс. Бұл арада ескере кететін бір мәселе бар. Ол өңірлік ерекшеліктерге байланысты. Жетісу губерниясы, Алматы округі, Алматы облысы деп аталып келген өңірдің 8 ауданы шекаралық санатында болуы зерттеу жұмыстарын күрделендіреді. Толық ақтау жөніндегі комиссия жұмыс бағыттары бойынша анықтағандай, босқын, көтерілісші, ашыққан халықтың басым көпшілігі большевиктік-өлкелік биліктің қадағалау аясына тартылмай, босқындық қамытын киген. Ғылыми экспедициялардың барысында Арнайы архив, тіпті жабық қорларда мәліметтері сараң түрде кездесетін Кеңес өкіметі жазалауына ұшыраған «шетелдік банда» деп айдар тағылған топ анықталды. Бұлар Кеңес өкіметінің аграрлық, діни саясатына қарсы шығып, қолына қару алып күресіп, бас сауғалап шекара асқандар. Алматы округі бойынша босқындар негізінен, Батыс Қытайға, Қырғызстанға босты. Бірқатар халық көтерілісінің ардагерлері (Құндақбай Төлендинов, Жақыпберды Солтанбекұлы, Мергенбай Жаманкөзұлы, Көкімет Баялыұлы және т.б.) Кеңестік биліктің талабы бойынша Қытай өкіметінің қолынан қаза тапты. Атап айтқанда, 1932 жылы Қытайдың Күре түрмесіндегі Жақыпберді Солтанбекұлы бастаған 24 көтерілісші атылды. Көтерілісшілер мүрделері Жаманбұлақ қорымына жерленген. Атылғандарың үлкені 47 жасар Жақыпберді Солтанбекұлы болса, ең жасы 16 жасар Тұрсынбай Әубәкірұлы болған. Жақыпберді бастаған 12 адамды да Күре түрмесіне әкеліп, сонда атады. 24 көтерілісшінің мүрдесін жергілікті ұйғырлар Жаманбұлақ қорымына жерлейді.

Көріп отырғанымыздай, отандық архив қорлары жауап бере алмайтын сауал жеткілікті. Бұл арада Алматы облыстық комиссиясындағы жұмыс топтары салалық бағыт бойынша Райымбек, Кеген, Ескелді, Кербұлақ, Көксу, Панфилов, Ұйғыр аудандарына экспедиция ұйымдастырды. Экспедициялардың пайдасы көнекөз куәлер, құрбандардың ұрпақтарымен көзбе-көз сұхбаттасуға мүмкіндік берді. Куәлердің айтқаны, олардың аузынан жазып алған жергілікті өлкетанушылардың қолындағы мәліметтерді толық ақтау комиссиясы қорытындыларына пайдаланудың ұтымдылығы байқалды.

Бұған қоса 30-шы жылдары отандық архив қорларында белгісіз қол тарапынан «тазалау» жұмысы да жүргізілгені байқалады. Олай деуге орталық архивтер, жергілікті архивтер болсын, кезеңдік жағынан, құжаттар жағынан селдірлік байқалады Цензура мақсатынан туған мұндай шаралар аудандық деңгейдегі архивтерді азырақ шарпыған. Аудан архивтерінен орталықтан кездеспеген құнды құжаттар табылуда. Мұндай жағдайға жұмыс топтары Райымбек, Панфилов аудандық архивтерінде жұмыс істегенде кездестік.

Сіз қойған құжаттардың ашықтығы, архив қорларының қол жетімділігі құпиясыздандыру жұмыстарымен байланысты. Толық ақтау бойынша комиссия жұмысы жүргізілгелі бері, жабық қорлардағы «құпия» белгісі бар істерді құпиясыздандыру жұмыстарына жан бітті. Прокуратураның арнайы статистика архиві құжаттарының басым көп бөлігі құпиясыздандырылып жатыр. Бұл жұмыстарға, әрине, толық ақтау комиссиясы жұмыс топтарының қолғабысы көп болды.

– Қуғын-сүргін көргендердің нақты саны анықталды ма? Құрбандарды ақтау жұмыстары қалай жүргізілуде?

– Әрине, толық ақтау комиссиясының міндеті ұлттық апаттың көлемін нақтылау екені белгілі. Бірақ, бұл оңай шаруа емес. Деректердің жұтаңдығы, түрлі катаклизмдер жағдайында құжаттардың жойылуы, қолда бар жалпылама құжаттар көлемінің ауқымдылығы құрбандар санын анықтау жұмысын қиындатады. Алматы облысы архивтері қойнауында тәркіленуші шаруа, діндәр, босқын, жер аударылғандар сияқты құрбандар категорияларының араб графикасымен жазған арыз-шағымдарының мол қоры бар. Құрбандар санын анықтау үшін бұл құжаттар да зерделенуі керек. Осы құжаттармен жұмыс істеу үшін Алматы облыстық комиссиясы жұмыс топтарында 3 араб графикасын меңгерген маман тартылды. Тізбеленген қиындықтарға қарамастан жұмыс тобы бойынша белгілі бір қорытындылар бар.

Жалпы облыс бойынша 83 тәркіленуші шаруаның тізімі анықталып, олардың 30-ы ақталмағаны дәлелденіп отыр. Алматы облысының шекаралық аудандарынан мал-мүлкі тәркіленіп, жер аударылған 273 шаруаның тізімі анықталды. Мамандардың тиісті талдауынан өтіп жатқан 1932 жылғы 7 тамыздағы заңы бойынша Алматы облысында 1634 шаруа сотталғаны анықталып, тізімі алынып отыр. Ал 1947 жылғы 4 маусымда қабылданған осыған үндес жарлық бойынша жазаланғандар саны 181 адамды құрады.

Діндарлардың қуғындалуына байланысты облыстық комиссия статистикасына келсек, зерттеу бойынша 23 діндәр ату жазасына кесілген, біреуі еш сотсыз өлтірілген, алтауы ұзақ мерзімге сотталған, төртеуі «молданың баласы» болғаны үшін сотталған, жеті босқыншылыққа ұшыраған діндәрлар есімі анықталды. Дінге қарсы науқан кезінде қиратылған немесе басқа мақсатқа берілген 15 мешіт, 14 шіркеу сияқты құлшылық орындары белгілі болды. 40-50 жылдарда мешіт ашу үшін арызданғанда қудаланған діндарлардан 2 молда анықталды. Жалпы, облыс бойынша саны 43 діндар. Бұған қоса, ресми органдар «қаңғыбас молдалар» деп атаған арнайы категория бойынша да діндарлар анықталды. Ал жеке антикеңестік ұйымдасқан қарсылық жасады деген айыппен Ақсу ауданынан «Сердөбе» атты ұйым бойынша 26 адам сотталған. Шелек ауданынан ұйым болып зиянкестік жасады деген айыппен 22 шаруа қамалса, олардың 7-і ату жазасына кесілген, 10 адам – 10 жылға сотталған. Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жұмысы бойынша белгілі бір қорытындылар жасалғаннан кейін, арнайы қабылданар заң аясында жүргізілетін болады.

– Комиссия жұмысына халық тарапынан да кері байланыс реакциясы бар шығар?

– 2021 жылы Алматы облыстық комиссиясы тарапынан 4 кітап жарық көрді. Олардың әрқайсысының мазмұны жұмыс топтарының бағыттарына сай келеді. Кітаптар қатарында «Жетісудағы ашаршылық (1928–1934)», «1928. Қастек ауданындағы тәркілеу» атты құжат жинақтары, босқын ақын Көдек Байшығанұлының шығармалар жинағы, тарихшы Ә.Шашаевтың «Жетісу өлкесіндегі империялық-полицейлік қадағалау тарихы (1867–1917)» атты монографиясы бар. Толық ақтау бойынша Алматы облыстық комиссиясының нәтижелі жұмыстарына жұртшылық тарапынан қызығушылық артып отыр. Өңірлік комиссияның жұмыс тобына жазықсыз жазаланған өз жақын туыстарының тағдыры туралы ақпарат, іздестіру туралы өтініштер көптеп түсуде. Өтініш берушілер қатарында елге танымал тұлғалар да бар. Мысалы, облыстық комиссияға өтініш жолдаған бір белгілі қаламгер 1928 жылғы тәркілеу бойынша Орал округіне жер аударылып, сол жақта қайтыс болған атасының тағдыры туралы мәлімет алғысы келетінін көрсеткен. Осыған ұқсас өтініш 1937 жылы жазықсыз жазаланып, еңбекпен түзеу колониясында қайтыс болған атасы туралы мәлімет іздестірген ұрпағынан да келіп түсті. Осы сияқты сарындас өтініштер көп.

Алматы округінен ірі байлар санатында Орал округіне жер аударылған 80-ге жуық әулеттің трагедиялы тағдыры ешкімді бей-жай қалдырмайды. Қыс көзі қырауда жазықсыз жаза тартып, аш-жалаңаш босқандардың қаншасы Оралға барар жолда, қаншасы Орал маңында қаза болды. Оралға жеткендердің біраз бөлігі түрлі желеумен Сібірге айдалған. Олардың бірнешеуі сол айдаудан қашып келіп, Алматы округіндегі көтерілістерді басқарған. Осы арада зобалаң жылдардағы зұлмат саясаттың бр әулеттің өміріндегі әсерін мысалға келтіре кетсек артық болмас. Бұл өзі, XX ғасырдағы саяси қуғын-сүргін, зұлмат-ауыртпалықтың барлығын дерлік бір әулет тағдырынан да көруге болатынын аңғартады.

Әңгіме 1928 жылғы тәркілеу бойынша Қастек ауданынан Орал округіне 79 жасында жер аударылған Жылқыбай Қадырбаевтың әулеті туралы. Жамбыл жыраудың замандасы болған қайырлы бай, болыс Жылқыбайдың өзі 1929 жылдың басында Орал округі Зауралье ауданында қаза табады. Әкесі қайтыс болғаннан кейін оның ұлы Шөжеғұл Жылқыбайұлы белгісіз себеппен айыпталып, Сібірге жер аударылған. Сібірден қашып шыққан ол қайтадан Қастек ауданына келеді. Шөжеғұл 1930 жылдарда осы ауданда өріс алған тағы да тәркіленуші Шалтабай Құдайбергеновтың көтерілісшілеріне қосылады. Ақырында Шөжеғұл Шалтабай отрядынан бөлініп Қордайда әрекет еткен Күнбатар, Таңатар есімді қарулы босқындармен бірге Қытайға кеткен. Әйелі Жібек пен оның қамқорлығындағы балалары осында қала береді. Шекарадан өте салып, сібе топтарының тонауына ұшырап, жандарын аман алып Күнеске жеткен. Оспан батыр Исламұлының көтерілісіне қатысқан. Шөжеғұл Қазақстанда қалған баққан баласы Төленбай екінші дүниежүзілік соғысқа қатысып, аман-есен келген. Елуінші жылдары консулдық қызметтен кеңес паспортын алып, 1956 жылы КСРО-ға өтіп келеді. 1977 жылы қайтыс болған. Алматы облысы өңірлік комиссия мамандары мағлұматтары бойынша Жылқыбайдың қайтыс болған мекені анықталып, 2022 жылдың 25-ші мамырында Жылқыбайдың шөпшегі Шыңғыс Тоққұлов Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданы Покатиловка ауылына сапар қылып, арнайы мал сойып, атасына Құран оқытып қайтты. Бұл ізгі істің толық ақтау комиссиясы жұмысының нәтижесі деуге болады.

– Еңбектеріңіз жемісті болсын. Сұхбатыңызға рақмет.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

Бұған қоса 30-шы жылдары отандық архив қорларында белгісіз қол тарапынан «тазалау» жұмысы да жүргізілгені байқалады. Олай деуге орталық архивтер, жергілікті архивтер болсын, кезеңдік жағынан, құжаттар жағынан селдірлік байқалады Цензура мақсатынан туған мұндай шаралар аудандық деңгейдегі архивтерді азырақ шарпыған. Аудан архивтерінен орталықтан кездеспеген құнды құжаттар табылуда.

24 МАУСЫМ – СУДЬЯ МЕН СОТ ҚЫЗМЕТКЕРІ КҮНІ

МӘРТЕБЕЛІ МАМАНДЫҚ БИІГІНДЕ

Өмірі өнеге, тағылымы теңдессіз тәрбие мектебіне айналған Махашева Гүлсім Нұрланбекқызы 1961 жылы Балқаш қаласының Тарғыл тауының бөктерінде жатқан, Гүлшат кентіндегі үлгілі отбасында дүниеге келген. Орта мектепті тәмәмдағаннан кейін 1978 жылы Гүлшат Нұрланқызы алғашқы еңбек жолын Балқаш қалалық халық сотында хат тасушыдан бастаған.

Жұмысқа епті, әр іске жауапты Г. Нұрланбекқызы бұл қызмет баспалдағын тәжірибе мектебіне санады. Ал 1982 жылы ғибратты ғұмыр иесі мысты шахардағы сот мәжілісінің хатшысы міндетіне зор жауапкершілікпен кіріскен. Сол жылы Гүлсім Нұрланбекқызы Қарағанды мемлекеттік университетінің заң факультетіне оқуға түсіп, студент атанады. Болмысы бөлек, талғамы ерек Гүлсім Махашева студент кезінде де Балқаш қалалық халық сотымен қарым-қатынасын үзген жоқ. Әсіресе, жазғы демалыста мұндағы мамандарға қолғабыс етіп, оқу әдістемелік өндірістік тәжірибеден өткен. Гүлсімнің өмір өткелінде екшеп алар ерекше тарихқа айналған естеліктер жетерлік.

Айталық, жоғары оқу орнын аяқтар шағында Балқаш қалалық халық сотының басшысы болған Слободчикова Людмила Павловна кабинетіне шақырып алады. Сол кезде, оның жанында судья Салин Әбдіәшім Әлжаппарұлы отыр екен. Беделді де, лауазымды басшылардың Гүлсім Нұрланбекқызына іш тартып, ыстық ықылас білдіруі тегін емес еді. Осы бір оңтайлы сәтте олар Гүлсімді Жезқазған облыстық Әділет басқармасына судьялық резервке енгізу туралы шешкендіктерін естіртіпті. Осылайша жақсы адамдар, жайсаң жандар жас маманның судьялық қызметіне даңғыл жол ашты.

1987 жылы ол жолдамаларды бөлетін комиссияның отырысында Балқаш қаласына қандай да бір орын болса жұмысқа алуын өтінген. Күндердің-күнінде Балқаш қалалық сотының басшысы Слободчикова Людмила Павловна хабарласып, алдағы болатын судьялар сайлауына қатысу керектігін құлаққағыс еткен көрінеді. Қызметті мансап деп емес мақсат деп қарайтын Гүлсім сөзге келместен келісімін береді.

Сөйтіп, 1990 жылы сәуірде Балқаш қалалық сотының халық судьясы болып сайланады. Он жылдан астам лауазымды қызметті атқарса да ол қарапайым қалпынан, кішіпейіл келбетінен еш айнымады. Атаның қаны, ананың сүтімен келген асыл қасиеттері мен телегей тектілігінің арқасында ұжымның ортасында аты ардақты, сөзі салмақты судьяға айналды.

Осынау жылдар аралығында Жезқазған облыстық сотына ауысу туралы талай мәрте ұсыныс түскен еді. Бірақ Гүлсім Нұрланбекқызына бірінші сатыдағы соттың жұмысы жанына жақындығынан болар, бұл қызметтен бас тартып, келісімін бермеді. Бірақ 2001 жылы тәжірибесі мол, білімі ұшан-теңіз маман Қарағанды облысы ауданаралық мамандандырылған экономикалық сотының судьясы болып ауысты.

Сол кездегі Қарағанды облыстық сотының басшысы Касимов Ақылтай Ахметжанұлы өте көреген ұтқыр ұйымдастырушы басшы еді. Іскер азамат үлкен жауапкершілікпен жаңадан құрылатын экономикалық сотқа аймақтағы судьяларды іріктеу ісіне араласты. Гүлсім Нұрланбекқызының өмір жолы мен қызмет барысында міне осындай жақсы адамдар көп жолықты. Аға буын жас маманға талай қиындыққа қайыспай, қасқайып қарсы тұра білетін күрескер болу керектігін үйретті. Судья болып, отыз жылдан астам қажырлы еңбек етті. Одан кейінгі жылдары өзі де көрген-түйгендері мен тәжірибесін жас әріптестерімен бөлісті. Қарағанды облысы ауданаралық мамандандырылған экономикалық сотының судьясы болып ұзақ жыл еңбек етті. 2020 жылдың соңында Гүлсім Нұрланбекқызы құрметті демалысқа шықты. Осылайша ол еліміздің сот саласында өзіндік мектебін қалыптастырды.

Тұғыры биік Қазақстанның саяси-қоғамдық өміріне сіңірген орасан зор еңбегі елеусіз, ескерусіз қалмады. Сөзімізге лайықты мақтау, марапаттары дәлел. Көрнекті тұлға бірінші сатыдағы судьялардың ішінде ең алғашқылардың бірі емес, бірегейі болды. Гүлсім Махашева 2005 жылы тамыздың 25-нде ҚР Президентінің Жарлығымен «Қазақстан Конституциясына 10 жыл» мерекелік медалімен марапатталды.

Сонымен қатар, өнегелі өмір иесі 2015 жылы сот саласындағы жоғары марапат саналатын «Үш би» Құрмет белгісімен, ҚР Жоғарғы Соты төрағасының 2019 жылғы 23 тамыздағы өкімімен III дәрежелі «Мінсіз қызметі үшін медалімен» салтанатты түрде ұлықталды. Бұған қоса пайым-парасаты жоғары азаматшаға бірнеше рет «Құрмет» грамоталары табысталған. Озат ойлы жан, отставкаға шыққа да, марапат мінберінен, қадірлі құрмет төрінен түспеді. Адамдық салтынан, қарапайым қалпынан айнымаған Гүлсім Нұрланбекқызы 2021 жылғы 2 желтоқсандағы ҚР Президентінің Жарлығымен «Қазақстан Тәуелсіздігіне 30 жыл» мерекелік медалімен марапатталды. Досты бауырға, бауырды тәуірге айналдырған білікті маманның аға буынға және әріптестеріне айтар ақжарма алғысы мен риясыз рақметі шексіз. Гүлсім Нұрланбекқызы ұлт пен ұрпақ үшін өлшеусіз еңбек еткен мәртебелі маман.

Қарағанды облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының ұжымы

Айтулы мереке қарсаңында Шалқар аудандық сотының ардагері, сот жүйесінде 40 жылға жуық еңбек еткен Зауреш Нұрманқызы Нажикова туралы сөз айту парыз.

НАҒЫЗ ӨМІР МЕКТЕБІ

Зәуреш Нұрманқызы соғыс ардагері Нұрман деген кісінің бесінші баласы. Қарапайым отбасындағы он баланың бірі. Ол еңбек жолын 1977 жылы Шалқар аудандық сотында іс жүргізуші болып бастаған. Жұмыс істеп жүріп Ақтөбе қаласындағы заң техникумын бітірді. 2001 жылы сот хатшысы, ал 2002 жылдан бастап зейнеткерлікке шыққанға дейін кеңсе жетекші маман қызметтерін абыроймен атқарды. Аудандық сотқа келіп түскен барлық кіріс құжаттарды тіркеп, бақылау тапсырмаларының уақытын белгілеп, орындаушысына беріп отыру, іске қатысты құжаттарды тіркеп, судьяларға беру және шығыс құжатттарын уақытылы дұрыс толтырып сотқа шақырылатын тараптарға уақытында жеткізуі осы кісінің табандылығына байланысты болды.

Зауреш Нұрманқызы 40 жылдың ішінде талай адамдармен бірге қызмет істеп, көптеген жандарды ұстаз еткен, көптеген жастарға ұстаз болған адам.

– Сонау жылдардан сот және соғыс ардагері, сот төрағасы болған Жоламан Тәжібаев одан кейін сот төрағасы Әбдіғалым Шариповтан бастап, судья Ғалымжан Нұрбаев, басқа да көптеген судьялардан және кеңсе меңгерушісі болған Сағира Төлегенова, тағы басқа тәжірибелі мамандардан үйренгенім көп болды, – деді ол. – Біз алғаш еңбек жолын бастағанда одан беріректе де жұмысымыз жеңіл болған жоқ, компьютер деген болмады. Жазуды қолмен, машинкамен жаздық. Ол кезде топ болып жасалатын қылмыстар көп болатын, соған орай көшпелі сот отырыстары да көп болды. Соның барлығына шығып, үлгеріп отырамыз. Қазіргі таңда сот мамандарына барлық жағдайларды жасағанын айтып, сот жүйесінің мамандарына білімдерін көтеріп, заңдардың өзгеріп жатқанын дереу біліп, өзгерістерді игеру үшін дұрыс қолданып және бастысы өз мамандығына адал болу керектігін айтуда.

Зауреш Нұрманқызы Шалқар ауданында өзі жұмыс істеген қырық жылға жуық уақыт ішінде білгір мамандардан үйрене жүріп, сот саласындағы кейінгі буын Гүлбану Есжанова, Алмагүл Бекмурзина, Раушан Айтмағанбетова, Ақмарал Нұрұддин секілді сіңілілеріне және тәжірибеден өтуге келген студент жастарға білгендерін жалықпай үйретті. Әрине, ол еңбегіне қарай құрметке де бөленді. Жоғары әкімшілік тарапынан бірнеше рет Алғыс, Құттықтау хаттарға ие болды. Елбасы жарлығымен «ҚР Тәуелсіздігіне 20 жыл» медалімен марапатталды. Өз жұмысын адал, жауапкершілікпен атқарғандықтан болар, зейнеткерлікке шыққаннан кейін де басшылық оған тағы бір жыл жұмыс істеуін өтінді.

Зәуреш Нұрманқызы Қайыржан ағамызбен бас қосып, бір ұл, екі қыз тәрбиелеп, бүгінде немере сүйіп отырған бақытты әже.

Біз үшін Зәуреш Нұрманқызы байыптылығы мен іскерлігімен қоса жоғары білікті тәжірибелі тұлға, жас мамандарға нағыз өмір мектебі .

Нұржамал ЕРНИЯЗОВА,
Шалқар аудандық сотының кеңсе меңгерушісі
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

МЕЖЕ

ЖЕКЕ ҚҰРАМНЫҢ ЖЕДЕЛ ҚИМЫЛЫ СЫНАЛДЫ

Қылмыстық атқару жүйесі департаментіне қарасты ЛА-155/6 мекемесінде жақында жеке құрамның төтенше жағдайдағы іс-әрекетін жетілдіру мақсатында «Мекеменің жеке құрамының өрт шығу кезіндегі іс-әрекеті» тақырыбында тактикалық оқу-жаттығуы өтті.

Тактикалық оқу-жаттығу кезінде мекеменің тұрғын аумағындағы мектептің екінші қабатында өрт шығуы орын алды. Тұрғын аумақтағы өрттің шығуын алғаш байқаған бақылаушы мекеме бастығының кезекші көмекшісіне дереу хабарлады. Бұдан әрі, МБКК әділет капитаны А.Сейсембеков мекеме басшылығына баяндап, тиісті шаралар қабылдады және әділет капитаны Н.Бейсенкулов пен әділет капитаны К.Ахмедовтың басқаруымен барлық жеке құрам қызметкерлері тартылып, қолда бар күш құралдарын пайдалана отырып, өртті өшіру шараларын ұйымдастырды. Мекеме жеке құрамының күшімен барлық сотталғандар төтенше жағдайдағы қауіпсіздік орнына шығарылып, сотталғандар мекеме қызметкерлерінің бақылауына алынды.

Сонымен қатар, жеке құрам дабыл пәрмені бойынша шақыртылып, мекеме тарапынан барлығы 15 офицер және 5 бақылаушы құрам жұмылдырылды. Сотталғандардың қашуына және сыртқы аумақтан өзге тұлғалардың кіруіне жол бермеу мақсатында, қосымша транспорттық бақылау пунктіне кинолог-бақылаушысы қызметтік итпен және сыртқы із-кесу жолақтарына 2 бақылаушы қойылып, күзет күшейтілді. Сондай-ақ, тұрғын аумақтағы, соның ішінде сотталғандардың асханасындағы, мектептегі барлық ерікті жалдамалы әйел қызметкерлер әкімшіліктің қауіпсіздік аумағына шығарылды.

Алматы қаласы Жетісу аудандық төтенше жағдайлар бөлімінен барлығы 1 су шашқыш арнайы автокөлігімен 6 қызметкер дер кезінде, яғни, 11 сағат 10 минут шамасында келіп, өрттің шарықтап кетпеуін, оларды толықтай жою бойынша тиісті шара қабылдады. Төтенше жағдай қызметкерлерінің күшімен өрт шығу орнында қауіпті жағдайда қалып қойған 1 сотталған шығарылып, оған алғашқы медициналық көмек көрсетілді, денсаулығы қалыпты жағдайда екендігіне көз жеткізу үшін мекеменің медицина бөлімі жұмылдырылды.

Мекемеде тактикалық оқу-жаттығуын өткізу кезінде сотталғандар тарапынан топтық бағынбаушылық, жаппай тәртіпсіздік, қашуға әрекеттену және басқа да құқық бұзушылықтар бойынша ешқандай төтенше жағдайлар орын алған жоқ. Сонымен қатар, қызметкерлер тарапынан жарақаттану фактілері және оқыс оқиғалар орын алған жоқ. Жетісу аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің қызметкерлері және мекеме қызметкерлері бірігіп өрт сөндіруге арналған арнайы су қоймаларымен, сондай-ақ, өрт сөндіруге арналған су құбырларына тексеріс жұмыстары жүргізіліп толықтай қалыпты жағдайда жұмыс істеп тұрғанына көз жеткізіліп акт толтырылды. Сонымен қатар, Алматы қаласы бойынша ҚАЖ департаментінің режим және қадағалау тобының 2 қызыметкері қатысып, жоспарланған оқу-жаттығудың нәтижесіне оң баға берілді.

Қанат АХМЕДОВ,
Режим және күзет бөлімінің жедел уәкілі

ПІКІР

Елімізде тәртіп бұзған көлік жүргізушілеріне жаза күшейді. Масаң күйде көлік басқарғандардың алды түрмеде отыр. Айыппұл төлеп жүргендері қаншама. Заңдарды осылай қатаңдатса да оқыс оқиғалар азаяр емес.

МАС ЖҮРГІЗУШІДЕН ҚАУІП КӨП

Жыл басынан бері Шиелі аудандық сотында 41 оқиға қаралған. Олар көлікке мас болып отырғанын, басқара алмай қалғанын, өкінетінін айтады. Өкінгенмен өз өмірі мен өзгелерге қауіп төндірген соң бәрі кеш болуы мүмкін.

Масаң күйде көлік жүргізу өте қауіпті. Себебі ішімдіктің салдарынан денсаулығында, психикасында өзгеріс орын алып, көзі қарауытып алдындағы жолды көрмей, көлікті дұрыс тізгіндей алмайды. Ең өкініштісі, сотта ісі қаралған азаматтардың басым бөлігі жастар. Түнде достарымен басқосудан соң араққа тойып алып, кент көшелерінде тайраңдаған. Заң бәріне ортақ. Жассың ба, картсың ба демейді. Бәрінің оқиғалары тергеліп, тексеріліп сот үкімдері шыққан. Бұрынғыдай айыппұл төлемейді. Қылмыстық іс қозғалып, әкімшілік қамауға алынады. Әкімшілік құқық бұзушылық кодексіне сай көлік құралын басқару құқығынан айыру туралы шешім шығарылса ғана, уәкілетті орган жүргізуші куәлігін алып қоя алады. Қалған жағдайларда әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырылғаннан кейін жүргізуші куәлігі дереу иесіне қайтарылады. Алып қойылған жүргізуші куәлігінің орнына жүргізушіге уақытша куәлік беріледі.

Қоғамның және азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау сот жүйесінің міндеті. Елдегі барлық азаматтар заң алдында тең болғандықтан оларға қатысты заңбұзушылықты да әділ таразылайтын – мемлекеттік сот органы. Шиелі аудандық соты өзіне жүктелген міндеттер мен талаптарды дер кезінде орындап келеді. Әйтсе де, біз азаматтардың сотты болғанынан гөрі, тәртіп бұзбағанын, қоғамға, өз өмірлеріне қауіп төндірмегенін қалаймыз.

Басылымдар арқылы жиі айтып жүреміз. Себебі, көлік жүргізушілері, олардың жақындары оқып сақтық шараларын ескерсе дейміз.

Бағдат ҚАСИЕТ,
Шиелі аудандық соты кеңсесінің жетекші маманы,
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

ИГІ ІС

ЖАСТАРДАН ЖАҢА ИДЕЯ

Алматыдағы Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық техгникалық зерттеу университетінде (ҚазҰТЗУ) 27-30 мамыр күндері ERG Еуразиялық тобының қолдауымен Тель-Авив университетінің Қазақстандағы достар қауымдастығы ұйымдастырушысы болып табылатын «TOM: Almaty» мейкатон әлеуметтік жобасы өтті.

Мейкатон TOM кезеңі – бұл студенттер, оқушылар, оқытушылар және әлеуметтік мәселелерге бей-жай қарамастан жандардың өнертапқыштар санатындағы, үздіксіз 72 сағат ішінде мүгедектігі бар адамдарға күнделікті пайдаланулары, қолданулары үшін прототиптер әзірлейтін қауымдастық. Онда Алматы, Талдықорған, Павлодар, Қарағанды сияқты түрлі қалалардан келген 7 команда өздерінің идеяларын жүзеге асыру үшін үздіксіз 72 сағаттық жұмыс жасады. Олар қоғамда мүмкіндіктері шектеулі жандардың бейімделуіне бағытталған прототиптерді әрі олардың толыққанды өмір сүрулерінің ұйымдастырылуын атқарды. Қатысушылар мүгедек арбаға арналған электрлік қондырма, бапкер мен есту-айту мүкісі бар спортшы, коньки тебуші арасындағы 500-1000 метр қашықтықтағы сөйлесуге арналған құрал, зағип жандарға арналған зейінді таяқ және тағы басқа да осындай идеяларды жүзеге асырды. Бұл үшін командаларға дайындалуға уақыт берілді. Яғни, бір ай шамасында олар өміршең прототиптерге қажетті заттар тізімін даярлады, әрі осы тұста өздерінің нидноуерлерімен (мүгедектігі бар жандар) тығыз байланыста болды және олардан кері байланыс алып отырды. Мейкатон аяқталғаннан соң, қатысушылар өздерінің прототиптерін қазылар алқасы алдында таныстырып, кейін аталмыш прототиптерді мүгедек жандарға жеке қолданысқа табыстай алады.

Ақмарал БЕЙСЕБАЕВА,
Қ.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ
Қоғаммен байланыс орталығының
баспасөз хатшысы

31 МАМЫР – БҮКІЛӘЛЕМДІК ТЕМЕКІСІЗ КҮН

ТЕМЕКІ – ІНДЕТ ТАРАТУШЫ

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДСҰ) биыл «Темекі – біздің қоршаған ортаға қауіпті» ұранымен науқан өткізуді бастады. Ол темекіні өсіру, өндіру және тарату кезінде, сондай-ақ, оның қалдықтарының қоршаған ортаға тигізетін әсері туралы халықтың хабардарлығын арттыруға бағытталып отыр. Бұл темекі тартатын адамдар үшін одан бас тартудың тағы бір себебі болады. Науқан сонымен қатар, темекі өнеркәсібінің «жасыл камуфляждағы» беделін және өнімдерін экологиялық таза деп жарнамалау әрекеттерін әшкерелеуге бағытталған. Осыған орай Денсаулық сақтау министрлігінің (ДСМ) Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығы, «Темекі түтінінен азат Қазақстан үшін» ұлттық коалициясы, Қызылорда облыстық денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық жастар денсаулығы орталығы БҰҰ жүйесінде атап өтілетін 31 мамырдағы Халықаралық темекісіз күні Қызылорда қаласында жылжымалы ерекше көрме өткізгелі отыр. Ол Қызылорда қалалық мәдениет және демалыс паркінен басталып 4 маусымға дейін, Қызылорда қаласындағы Б.Шөкенов атындағы саябақта және Тұңғыш Президент паркінде өз жұмысын жалғастырады. Жылжымалы көрме одан кейін еліміздің басқа қалаларына жолға шығады. Осылайша, жаз бойы бұл шараны кем дегенде Тараз, Түркістан, Семей, Павлодар, Екібастұз, Өскемен, Қостанай, Көкшетау, Петропавл, Жезқазған, Орал сияқты 10 қаланың тұрғындары тамашалайды. Онда темекі, вейп, IQOS, Glo тұтынудың зияны мен салдары туралы кеңесшілер мен интерактивті көрменің экспонаттары арқылы жан-жақты ақпарат берілетін болады. Сондай-ақ, темекі шегудің алдын алу және салауатты өмір салтын насихаттау бойынша тренингтер өткізіліп, психологтардан темекі шегуден бас тарту бойынша тегін кеңестер алуға болады.

Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығы Салауатты өмір салты бөлімінің бас маманы Қанат Хамзиннің айтуынша, ДДҰ-ның темекіге қарсы күрес шараларын қолдау бағытында елімізде «Біз темекісіз Қазақстанды қолдаймыз» деп аталатын ұлттық бағдарлама жұмыс жасайды. Оның мақсаты халықтың темекі шегуден саналы түрде бас тарту және жауапты денсаулық сақтау мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, темекі шегудің адам ағзасына зиянды әсері туралы әртүрлі жас санаттарындағы тұрғындардың, сондай-ақ, темекіні өсіру, өндіру және тарату кезінде оның әсеріне, оның қалдықтарының қоршаған ортаға әсерімен жұртшылықты хабар ету болып табылады.

Мамандардың пайымдауынша, темекі өнеркәсібі қоршаған ортаға зиянды тәжірибесі үшін «жасыл камуфляжды» қамтамасыз етуде экологиялық жобалар мен корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласындағы ұйымдарды қаржыландыруға көп қаражат бөледі. Оның «түтін бүркеуі» тек объективті деректердің жоқтығынан, сондай-ақ, халықаралық және жергілікті деңгейлерде заңнаманың шектеулілігі мен сәйкессіздігінен тұрады. Сондықтан БҰҰ-ның биылғы науқаны үкіметтер мен саясатты жүргізушілерге темекі өнімдерінің қалдықтарына байланысты экологиялық және экономикалық шығындар үшін жауапкершілікті алып, заңнаманы нығайтуға шақырады.

Темекі – халық денсаулығына қатерлі ең үлкен қауіпті індет көзі болып табылады. Одан жыл сайын әлемде 8 миллионнан астам адам қайтыс болады. Олардың 7 миллионнан астамы – темекіні тұтынушылар, ал 1,2 миллионнан астамы – тартпаса да темекі түтінінің әсеріне ұшырағандар. Сондықтан әлемнің өзге елдері секілді Қазақстан да Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының «Темекіге қарсы күрес» жөніндегі негіздемелік конвенциясының қатысушысы болып табылады. Оны ратификациялаған мемлекеттердің бірі ретінде Қазақстан да темекі егістігін қысқарту бойынша өзіне міндеттеме алды.

Қазақстанда темекі өнімдеріне сұраныстың төмендеуі темекі шегудің танымалдылығының жалпы төмендеуінің әсерінен де (әсіресе жастар арасында), сондай-ақ акциздік салықтың өсуіне байланысты темекінің қымбаттауы нәтижесінде де орын алуда. Мәселен Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығы Ұлттық статистика бюросының Ақпараттық-есептеу орталығымен бірлесіп 2019 жылы өткізген GATS сауалнамасының екінші раундында Қазақстанда 15 және одан жоғары жастағы 2,8 миллион адам немесе халықтың 21,5% (еркектердің 38,3% және әйелдердің 6,4%) темекіні кез келген нысанда (шегетін, түтінсіз темекі және қыздырылатын темекіден жасалған бұйымдар) тұтынатыны мәлім болды. 15-24 жас аралығындағы жастардың әрбір оныншысы (9,6%) темекі шегетінін және ересек халықтың 17,1% оны күнде тартатынын айтты.

Алайда отбасы мүшелерінде темекі өнімдерін қолдануға қарсы шыққан респонденттердің үлесі 6,8% ғана болған. Сұралған респонденттердің 68,4% барлық қоғамдық орындарда темекі тартуға тыйым салатын заңды қолдайды. Сондай-ақ, темекі тартатындар Жамбыл (27,9%), Солтүстік Қазақстан (24,41%), Павлодар (23,6%) облыстарында, ал кальян тартатындар Маңғыстау облысы (8%), Нұр-Сұлтан қаласы (7,6 %) және Павлодар облысында (7,4%) басым боп тұр.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ДЕНСАУЛЫҚ

АУРУХАНАІШІЛІК ИНФЕКЦИЯ

Ауруханаішілік инфекция емдеу мекемелеріндегі науқастар жұқтыратын жұқпалы аурулар, хирургиялық клиникалардағы ауруханаішілік инфекциялар әртүрлі микроорганизмдерден туындайды. Клиникалық түрде негізінен ірінді және септикалық зақымдану синдромымен көрінеді. Ауруханаішілік инфекциялардың жиі қоздырғыштары антибиотиктерге төзімді ішек таяқшалары, алтын түстес стафилококктар, Pseudomonas aeruginosa, Proteus, ішек таяқшалары, Klebsiella, Candida саңырауқұлақтары болып табылады.

Ауруханаішілік инфекция хирургиялық стационарлардағы ауруханаішілік инфекцияның көздері ірінді-септикалық аурулардың жіті және созылмалы түрлерімен ауыратын науқастар және пациенттер мен қызметкерлер арасында патогендік микроорганизмдердің симптомсыз тасымалдаушылары болып табылады. Ауруханаішілік инфекциялар және инфекциялық бақылау мәселесі өте өзекті болып табылады, олар мыналарды қамтиды:

1) бірінші орында стационарлардағы ауруханаішілік инфекциялардан болатын өлім-жітім түрі;

2) емделушінің стационарда алған инфекциясы оның емделу құнын айтарлықтай арттырады, т.б. қымбат антибиотиктерді қолдануды көздейді және ауруханаға жатқызу ұзақтығын арттырады;

3) жұқпалар жаңа туған нәрестелердің, әсіресе, шала туылған нәрестелердің аурулары мен өлімінің негізгі себебі болып табылады (мысалы, реанимация бөліміндегі шала туылған нәрестелердің 25% сепсисті дамытады, бұл өлім-жітім көрсеткішін екі есе жоғарылатады және ауруханада болу ұзақтығын ұзартады);

Барлық емдеу мекемелерінде, әсіресе, хирургиялық бөлімшелерде, палаталар мен реанимация бөлімшелерінде интенсивті терапия, ауруханаішілік инфекциялардың алдын алу шаралары, дезинфекциялау жұмыстары жүргізілуде.

Ауруханаішілік инфекциялардың алдын алуы:

- санитарлық-эпидемиологиялық режимге қатысты деректі құжаттармен бекітілген талаптарды тұрақты және нақты сақтау;

- уақытылы дезинфекциялау, жәндіктермен және кеміргіштермен күресу шаралары; медициналық бұйымдар мен жабдықтарды зарарсыздандыру алдындағы өңдеу және зарарсыздандыру.

- науқастарды анықтау және оқшаулау;

- оқшауланған науқастардың медициналық процедуралары кезіндегі құралдарын дұрыстап өңдеу, жеке қорғаныс құралдарын (қолғаптар, респираторлар және т.б.) пайдалану;

- науқастың күтіміне қолданған жабдықты пайдаланғаннан кейін зарарсыздандыру;

- пайдаланылған таңғыштар мен басқа да таңғыштарды өртеу немесе басқа рұқсат етілген тәсілмен жою;

- орта буын медицина қызметкерлерін, атап айтқанда В гепатитіне қарсы иммундау. Бұл, әсіресе, өз міндетін орындау кезінде қанмен немесе ластанған құралдармен жұмыс істейтін қызметкерлерге қатысты.

Г.ЕСЕНГЕЛЬДИНОВА,
Алатау ауданы
эпидемиологиялық қадағалау
бөлімінің бас маманы

ҚҰТЫРУ

Құтыру – жұқтырған жануар тістегеннен кейін пайда болатын, жүйке жүйесіне қатты зақым келтіретін және әдетте өліммен аяқталатын жедел жұқпалы ауру. Бұл ауру адамдар мен жануарларға ортақ ең қауіпті аурудың бестігіне кіреді.

Егер ауру жануар адамды тістеп алса немесе оның сілекейі теріге түсіп кетсе, адам құтыру ауруын жұқтыруы мүмкін. Құтырманың тез таралу қаупі, әсіресе, ауру жануар адамның жоғарғы денесін тістеп алған жағдайда артады. Халық арасында аурудың өршуінің себебі көп жағдайда шұғыл медициналық көмектің болмауы, вакцинацияның тиісті талаптарын сақтамау немесе емдеу курсының аяқталмауы болып табылады. Жазғы демалыс кезінде жабайы жануарлармен, соның ішінде кеміргіштермен байланыста болған кезде ерекше сақтық шараларын сақтау керек.

«Алматы қаласында иттерді ұстау қағидаларын бекіту туралы» шешіміне сәйкес үй жануарларын ұстау қағидаларын тұрғындар ұстануы қажет. Алатау аудандық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің мамандары ветеринарлық емханаларда үй жануарларын құтыру ауруына қарсы уақытылы екпеден өткізуге шақырады.

Д.РАХЫМБАЕВА,
Алатау ауданы
эпидемиологиялық қадағалау
бөлімінің бас маманы
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

ТАРАТУ

2. «RAHYM» ЖШС, БСН 100240006125, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, БҚО, Орал қаласы, Құрманғазы көшесі, 84 үй.

4. «money hs (мани эйч эс)» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 151040017294, қызметінің тоқтауына байланысты өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Медеу ауданы, «Самал-2» ықшамауданы, 77А, 8-2 кеңсе, пошталық индексі: 050059.

6. «Саркан» туристік фирмасы» ЖШС, БСН 080340000966, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы облысы, Саркан ауданы, Аманбөктер ауылы, Смағұлов көшесі, 13 үй. Тел.: 87053083444.

10. «Жайлы Ломбард», ЖШС БСН 140540017674, микроқаржылық қызметін жүзеге асыруға құқық беретін 20.05.2021ж. берілген №09.21.0072. Л лицензиясының әрекеті тоқтатылғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қарағанды облысы, Теміртау қаласы, 6 ықшамаудан, 14 үй.

11. «Euro RSCG Kazakhstan» (Евро Эр.Эс.Си.Джи.Казахстан) ЖШС БСН 111140016837 өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Ғабдуллин көшесі, 17/3, e-mail ceo@dynasty.kz, тел. +7 701 766 6766.

МҰРАГЕРЛІК

7. 24 қазан 2021 жылы қайтыс болған Исаев Серикбол Бейсеновичтің артынан мұра ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ә.Б.Әкімханға келулеріңіз керек: Еңбекшіқазақ ауданы, Шелек ауылы, Орынтаев к., 60 ү., 2 п. Тел. ном: 87773677972.

8. 29.11.2021 жылы қайтыс болған Караев Нурмахан Уразович және 10.03.2022 жылы қайтыс болған Купаева Жезтайдың арттарынан мұралық іс ашылғандығын хабарлаймын. Мұрагерлеріне Түркістан қаласының нотариусы Балтабаева Алия Оралбаевнаға хабарласуын сұраймын. Нотариус кеңсесі: Түркістан қаласы Тауке хан даңғылы №180 мекен жайда орналасқан. Хаб.тел.87718175589.

ӘРТҮРЛІ

5. «WOOD KSS» акционерлік қоғамы» ұйымы, БСН 070640004748, өзінің ««WOOD KSS» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне» қосылыа қайта құрылуы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Атырау қаласы, Қаныш Сәтбаев көшесі, 46 құрылыс. Тел.87122909000.

12. «МҚҰ «Бақыт К» ЖШС, БСН 191040021170, өзінің уәкілетті органға микроқаржы қызметін жүзеге асыруға лицензияның қолданылуын ерікті түрде тоқтату туралы өтінішпен жүгіну ниетін хабарлайды.

Жоғалту

9. Шаханов Қазыбек Берікұлына тиесілі авторлық құқықты мұраға алу құқығы туралы тізілімде №454 нөмірмен тіркелген, 20.05.2021 жылы берілген Шаханұлы Беріктің куәлігі жарамсыз деп танылсын.

Қызылорда облыстық соты және Қызылорда облысы бойынша Соттар әкімшісінің ұжымдары, ҚР Судьялар Одағының облыстық филиалы Алматы қалалық сотының судьясы Сейітов Нұрділлә Зейнедуллаұлына жұбайы

Сартаева Нұрсұлу Шаймерденқызының

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetyisaity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 208 кеңсе.

«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы,Крупская көшесі,61,кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Иляев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ.,К.Мұхаметханов көшесі,23 «А»,104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18,8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынұлы ЖК, Петропавл қ.,К.Сүтішов көшесі,58,30-бөлме,3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57,ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаметінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05,ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779,e-mail:zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ.,Л.Толстой көшесі,28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8,«Лина» шаштаразы. ardawka_94@mail.ru,Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ.,пр. әл-Фараби 119-үй,407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы,Қазақстан Конституциясы көшесі,28-үй,1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77,8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Servise», Тараз қаласы,Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222,ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы,60. Тел.: 8(7232) 578414,ұялы тел.: 87772256506.

МЕРЕЙ

СОТ САЛАСЫНДАҒЫ 40 ЖЫЛ

«Тәртіпсіз – ел болмайды, тәртіпке бағынған – құл болмайды» деп Бауыржан Момышұлы атамыз айтқандай, қандай ел болса да тәртіп сақтау, құқық қорғау, заң мәселесіне үлкен мән береді. Құқықтық, демократиялық мемлекет құрушы біздің еліміз үшін сот билігінің орны ерекше.

Конституцияда көрсетілген биліктің үш тармағының бірі – сот билігі туралы сөз қозғалғанда ең алдымен еске судьялар келетіні де рас. Дегенмен, судьялардың қызметімен тығыз қарым-қатынастағы сот кеңсесінің жұмысы да үлкен жауапкершілікті талап етеді.

«Қазақстан Республикасындағы мереке күндерінің тізбесін бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2017 жылғы 31 қазандағы №689 қаулысына толықтырулар енгізу туралы» қаулы жобасы мақұлдануына байланысты биылдан бастап 24 маусым – жаңа кәсіби мереке – «Судья және сот қызметкерлері күні» ретінде атап өтіледі.

Осынау мереке қарсаңында сот кеңсесі саласында ұзақ жыл қызмет еткен абыройлы қызметкерлердің бірі – Аденов Кыдырбек жайлы айта кеткен жөн.

К.Аденов 1966 жылғы 20 сәуірде Ақтөбе облысы Байғанин ауданында дүниеге келген. 1981 жылы аудан орталығы Қарауылкелді ауылындағы Комсомолдың 30 жылдығы атындағы орта мектепті бітіргеннен кейін, СПТУ-19 оқу орнына қабылданып, 1984 жылы тамамдаған. 1987 жылдың 17 қаңтарынан сот мәжілісінің хатшысы, 2004 жылдың 5 қаңтарынан бастап бүгінге дейін Байғанин аудандық сотында кеңсе меңгерушісі болып қызмет жасап келеді. Өндірістен қол үзбей, қызметтің сан-салалы қиындығының арасынан уақыт тауып 2001 жылы «Қайнар» университетін «құқықтанушы заңгер» мамандығы бойынша тамамдаған. Осы кезге дейін жалпы қызметтік өтілі 40 жыл, оның ішінде сот жүйесіндегі еңбегі 35 жылдан асады. 2019 жылы «Мінсіз қызметі үшін» III дәрежелі медалімен марапатталған.

Жұмыс жасаған уақыттарында әр жылдарда Ақтөбе облыстық сотында төрағалық еткен белгілі заңгерлер: 1987–1995 жылдары Кейкин Қойшы Салықұлы, 1995–2004 жылдары Әміров Иран Әмірұлы, 2005–2006 жылдары Қосаев Еркін Нұрқасымұлы, 2006–2007 жылдары Есжанов Мұхтар Есіркепұлы, 2009–2011 жылдары Бекназаров Бектас Әбдіханұлы, 2011–2016 жылдары Айтжанов Ерлан Жұмаханұлы, 2016–2018 жылдары Әкетай Мұратқали Абрарұлы, 2020 жылдары Абдолла Сәкен Жүсіпахметұлы, 2020 жылдан Мерғалиев Асламбек Амангелдіұлының қарамағында абыройлы еңбек етіп келеді.

Осындай ұзақ қызметтік жылдарында әр түрлі қызықты оқиғалар да орын алатыны белгілі. Сондай сәттердің бірін кейіпкеріміз былай еске алады. «Алғашқы ұстазым С.Мұхамбетқалиұлының зейнеткерлікке кетер сәті қатты есімде қалыпты.

1996 жылдың желтоқсан айында облыс әкімдігінің мәжіліс залында, облыс әкімінің бірінші орынбасары В.Супрунның басқаруымен салтанатты түрде Совет Мұхамбетқалиұлын құрметті зейнеткерлікке шығарып салуға арналған жиналыс өтті.

Салтанатты жиынның соңында зейнеткер Совет ағамызға Қазақстан Үкіметінің қаулысына сәйкес көп жыл қызмет еткен судьяларға берілетін біржолғы төлемақы – 41 жыл судьялық қызметтегі еңбек өтілі үшін (әрбір жылға бір жылдық еңбекақы-жалақы мөлшерінде) қолма-қол ақшалай сыйлық табыс етілді, сол кезде қасында ағамызға берген сыйақыны көтеріп жүрген жас бала болатынмын.

Бұндай үлкен шараға ҚР Әділет министрлігінен, И.Әміров бастаған облыстық, қалалық және аудандық соттардың төрағалары мен судьялары қатысты, С.Барышев бастаған облыстық әділет басқармасының жауапты қызметкерлері тағы басқа облыс, қала және аудандардың басшылары қатысып зейнетке шығуымен құттықтады. Осылайша Сәкең ағамыз да зейнеткерлікке шыққан болатын.

Қазір қарап отырсам уақыт та жүйрік екен. Менің осы салаға қызметке қабылданып, жас маман болып алғашқы жұмысымды бастағаныма да 35 жылдан аса уақыт өте шыққан екен-ау?».

Әрине, уақыт жүйрік. Жүйрік болғанда да тым жүйрік. Шапқан аттай заулаған уақыттың ішінде осындай белеске көтеріліп, абырой биігінен көрінген К.Аденов жайқалған биік бәйтерек секілді, бүгін де үш баласы мен он немересін тәрбиелеп, бағыт-бағдар беріп отырған ардақты әке, сүйікті ата.

Осындай кәсіби мерекесі қарсаңында мерекесімен құттықтай отырып, қызметіне толағай табыстар тілейміз.

Байғанин аудандық соты
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

БАСҚОСУ

Атырау облыстық соты мен ҚР Жоғарғы Соты басшылығының бастамасы бойынша «Теңізшевройл» ЖШС-нің қолдауымен «Астана» халықаралық қаржы орталығы соты мен Халықаралық төрелік орталығының (АХҚО және ХТО) қызметін таныстырумен байланысты кездесу өткізілді.

ТАТУЛАСТЫРУШЫ СУДЬЯНЫҢ ЫҚПАЛЫ ЗОР

Іс-шараны ашқан Атырау облыстық сотының төрағасы кездесуге қатысушыларға алғыс білдіріп, АХҚО және ХТО рөліне тоқталып, татуластыру рәсімдерін қолдану бойынша облыс соттарының жұмыс нәтижесімен бөлісті. 2022 жылдың 4 айында республика соттарымен істердің 36%-дан астамы медиациялық, партисипативтік және татуласу келісімдерімен аяқталды, бұл жерде Атырау облысының да үлесі бар. Спикер дауды шешудің балама тәсілдерін дамытудағы заң және бизнес қауымдастықтарының маңызды рөлін атап өтті.

«Бүгінгі кездесу «Астана» халықаралық қаржы орталығы сотының (АХҚО) және Халықаралық төрелік орталығының (ХТО) ең табысты құқықтық институттарын білуге мүмкіндік беретін тәжірибе алмасуға арналған жақсы платформа. Бұл соттардың біздің күш-жігеріміздің интеграциялануына және әрбір елде озық әлемдік тәжірибелердің енгізілуіне ықпал ететін халықаралық алаң ретіндегі рөлі өте маңызды», – деді баяндамашы.

АХҚО және ХТО сотының тіркеушісі және аппарат басшысы Кристофер Кэмпбелл-Холт, сот ісін жүргізу және құқықтық мәселелер жөніндегі департамент директоры А. Игенбаев бизнес-қоғамдастық өкілдерін АХҚО және ХТО соттарының құзыреті және жұмыс нәтижесімен таныстырды. Қазақстанның құқықтық жүйесіндегі АХҚО-ның орны мен рөліне, заңды тұлғалардың Халықаралық төрелік орталығы алаңына қатысу мүмкіндіктеріне ерекше назар аударылды.

ҚР Жоғарғы Сотының судьясы Ұ.Сүлейменова, Атырау облысы әкімінің бірінші орынбасары С.Айдарбеков, «ТШО» ЖШС-нің бас директорының орынбасары А.Крамбаев, Атырау облыстық адвокаттар алқасының төрағасы А.Умарова кездесу тақырыбы бойынша өз пікірлерімен бөлісті.

Өз сөзінде доғарыстағы судья, төрелік өкілі Г.Нұржігітова төрелік талқылауының артықшылықтарын атап өтіп, тараптар төрешіні өздері таңдап, төрелік талқылауын өткізу орнын, дауды шешу рәсімін айқындайтынын түсіндірді.

Сондай-ақ, «Халықаралық медиация орталығы» РБҚ-ның Атырау облысы бойынша өкілдігі директоры, кәсіби медиатор А.Марданова, Кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық даму басқармасы басшысының орынбасары К. Бекбаева, Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты төрағасының міндетін атқарушы Д.Сариев, «Атамекен» ҚР ҰКП Атырау облысы өңірлік кәсіпкерлер палатасы директорының орынбасары С.Жолдабаев, Х.Досмұхамедов атындағы АМУ ректоры С.Идрисов аталған тақырып аясында баяндама жасады.

Спикерлер татуластырушы-судьялардың тараптарға дауды шешу үшін ХТО мен АХҚО сотына жүгіну құқығын түсіндірудегі ерекше рөлін, сондай-ақ, аталған органдарға жүгінудің құқықтық салдарын атап өтті.

Кездесу барысында ХТО-ның шешуіне тараптардың жазбаша келісімі бойынша азаматтық-құқықтық және коммерциялық қатынастардан туындайтын дауларды беру және бұл заңнама талаптарына қайшы келмеген жағдайларда АХҚО сотында сот талқылауын өткізу мәселелері қызу талқыланды.

Мейрамгүл УТЕГУЛОВА,
Атырау облыстық сотының
баспасөз қызметі

ПРОБАЦИЯ

ПСИХОЛОГТЫҢ КӨМЕГІ МАҢЫЗДЫ

Жетісай ауданында пробация есебінде тұрған сотталған азамат анасына дөрекі сөйлегеніне өкінетінін айтты. Жетісай ауданында пробация қызметінің есебінде тұратын жастармен қоғамдық өмірге қатысу белсенділігі мен өзара қарым-қатынас мәдениетін арттыру, мінез-құлықтың әлеуметтік жағымды дағдыларын қалыптастыру мақсатында психологиялық кеңес өткізді.

Шымкент қаласы және Түркістан облысы ҚАЖД қарасты Жетісай аудандық пробация қызметі бөлімінде пробация қызметкерлері мен аудандық Жастар ресурстық орталығының психологімен бірлесе отырып ұйымдастырған психологиялық тренингке пробация қызметі есебінде тұратын он бес сотталған қатысты. Психолог-маман сотталғандармен жеке-жеке психологиялық сұхбат өткізді.

Оларды қоғамнан оқшаулатпай, ортаға тарту маңызды. Барынша жұмыс тауып беріп, әрі қарай көппен бірге араласып кетуін қамтамасыз ету керек.

Бұл тренингтің мақсаты – сотталғандарды жаңашылдыққа, инновациялық әдіс тәсілдерді тәжірибелеріне енгізе отырып, логикалық ойлау қабілетін, шығармашылық ізденісін, ой-қиялын арттыру, жаңа қоғамдағы адамгершілік, патриотизм сезімдерін дамыту, сондай-ақ, сотталғандардың эмоциялық көңіл-күйлерін көтеру, топтасып жұмыс істеу жүйесін әрі қарай дамыту болып табылады. Тренинг барысында тағдыр тәлкегіне түскен азаматтар көптеген психологиялық жаттығулар жасап, әртүрлі сұрақ-жауаптарға жауап берді.

Аталған семинарға қатысқан пробация есебінде тұрған азаматтар психолог маманның айтқан кеңестерін дәптерлеріне жазып алып отырды.

– Бұл семинар-тренингті өткізудегі мақсатымыз, пробация қызметінің есебінде тұрған жастар мен азаматтар өздерінің әрбір уақытының қадірін біліп, бағаласа екен деймін. Себебі, әрбір уақыт – біздің өміріміздегі ең маңызды баға жетпес құндылықтарымыздың бірі. Бұл бағалы әрі қызықты да өкінішті күндерді кері қайтарып алуға немесе қалпына келтіруге болмайды. Пробация қызметінің есебінде тұрған әрбір жастың жеке басы жан-жақты зерделенді және тәрбиелік ықпал етуді жағымды қабылдауға және қоршаған ортаның жағымсыз ықпалын теріске шығаруға психологиялық дайындық дәрежесі анықталды. Мекеме психологтары сотталғандардың түзелуі мақсатында оның қоғамдық толық құқылы мүшесі әлеуметтік мәртебесі қалпына келуіне, тәртіптің жалпыға бірдей қабылданған нормалары мен құқық нормалары негізінде қоғамда өз бетінше өмір сүруіне оралуына көмектеседі. Мұндай іс-шараларды өткізу жазаны өтеудің «сұр» күндерін бояйтын және рухани-адамгершілік тәрбиесіне әсер ететін болады. Сотталғандардың жаза өтеу мерзімінен соң теріс немесе жағымсыз мінез-құлыққа жол бермеулеріне, олардың қоғамға, айналаға көзқарасын жақсартуға ықпал жасайды. Мұндай шаралар алдағы уақытта да жалғасын табады, – деді аудандық пробация қызметі бөлімінің бастығы әділет майоры Дилшод Назаров.

Психолог маманның кеңесінен қажетті мағлұмат алып, өзінің жасаған қылмысына өкінетінін де жасырмады. Ерман есімді сотталған азамат осы күнге дейін өзінің анасына дөрекілік танытып келгенін жасырмады. Ол өзінің жасаған қателігі үшін ең алдымен анасынан кешірім сұрайтынын тілге тиек етті.

– Мен өзімнің жасаған қылмысым үшін қатты өкінемін. Осы күнге дейін анама дөрекі сөйлеп келдім. Өзімнің жіберген қателіктерім үшін анамнан кешірім сұраймын. Анамды ренжітіп, жылаған әрбір көз жасы менің өмірде жолымның болмауына алып келіп соғуда. Қазақ халқы «жұмақ ананың табанының астында» деп бекер айтпаса керек. Ананың разылығын алған адамның өмірде жолы болатынын түсіндім. Психолог маманның кеңесінен үлкен ой түйдім. Менің түзелу жолыма үлкен үлесін қосқан Жетісу аудандық пробация бастығы мен қызметкерлеріне алғыс айтамын, – деді сотталған Ерман.

Пробация қызметінің есебінде тұрған азаматтар қоғамдық пайдалы қызметпен айналысуға, бос уақытын тиімді пайдалану мен өмірге қызығушылықтарын арттыруға, өзін-өзі дамытуға арналған психологиялық дөңгелек үстелден көптеген қажетті дүниелерді естіді. Нәтижесінде азаматтар өз ойларын ортаға салып белсенділік танытты. Мұндай психологиялық семинар-тренингтер жалғасын табады деген сенімдеміз.

Раушан НАРБЕК
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ

Қазіргі кезде күнделікті қоғамда кездесетін жағдайдың бірі – тұрмыстық әлімжеттік. Тұрмыстық зорлық-зомбылық отбасы, тұрмыстық қатынастар аясында бір адамның басқаға қатысты дене зардабын және психикалық зардап келтіретін немесе келтіру қаупі бар құқыққа қарсы қасақана әрекеті (іс әрекеті немесе әрекетсіздігі). Көбінесе отбасында әйел мен бала тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбаны болады.

АЗАМАТТАН ҚАДІР ҚАШПАСЫН!

Әлімжеттікті көріп өскен бала басқа балаларға қарағанда эмоционалды болады, және олардың мінез-құлқында ауытқу көп болады. Айналаға үреймен қарап, жасық өседі. Ортада өзін еркін сезіне алмайды. Мұның бәріне себепші – әкенің ішімдік ішіп келіп, анаға қол көтеруі, айналасына былапыт сөйлеп, адамдарға сыйламаушылық көрсетіп, түнгі тыныштықты бұзуы. Мұның барлығы балаға, отбасының өзге мүшелеріне психикалық тұрғыдан кері әсерін тигізеді.

– Үйде, анамды ұрмаса екен, – деген үреймен өскен балаларға мектепте ұстазы ата-анаң неге жиналысқа келмейді деп ұрсып жатады. Анасы әкең барады деп баланы жұбатқанымен, әкесінің масаң күйіне тағы намыстанады. Анасын қатыстырайын десе көгерген бетінен ұялады. Бұның бәрі бала психологиясына кері әсер етеді. Сол себепті әкелердің ішімдікті тастап, отбасына көңіл бөлгені абзал. Орал қаласының №2 сотына 2022 жылдың бірінші тоқсанында 232 арыз түскен. Бұл көрсеткіш 2021 жылмен салыстырғанда әлдеқайда жоғары. Өкінішке қарай, әкелердің жұмыстан қашуы, отбасына көңіл бөлмеуі, ішімдікке құмартуы баласының азабына айналуда. Сондықтан, әкелер жауапкершілікті сезініп, отбасының қорғанышы екенін ұмытпаса дейміз. Баласын жылатып, әйелін жәбірлейтін әкеден ұрпағы жақсы өнеге алмасы белгілі.

Гүлназ МҰРАДЫМҚЫЗЫ,
Орал қаласы №2 сотының
бас маманы–сот отырысының
хатшысы

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ
Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**
Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Нұр-Сұлтан	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы	Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59. Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы	Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 8019 дана
Апталық таралым 16 038 дана

Тапсырыс №73 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31